



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
“ӨРКЕН” балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-  
практикалық институты” КеАҚ

# «ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» КЛУБЫ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

АЛМАТЫ, 2024

**Құрастырған: Мухтаров Амангали Хамидоллаулы - «ӨРКЕН»**  
балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық-ғылыми практикалық институты  
КеАҚ, ғылыми-әдістемелік бөлімнің жетекші ғылыми қызметкері, филология  
ғылымдарының кандидаты

**Сценарийлерді әзірлеуге қатысқан педагог қызметкерлер:**  
Қонысбаева Л. Ж., Кудайбергенова Г. С., Сейтова Н.С., Машакова Н. М.,  
Сулейменова Г. А., Атабаева Ш. Ш., Рамазанова Қ. С., Кубиева А. Т.

Әдістемелік ұсынымда Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы,  
«Даналық мектебі» клубы жұмысын жүргізуге арналған іс-шаралар жоспары  
берілген. Әдістемелік ұсыным «Даналық мектебі» клубы жұмысын жүргізетін  
жауапты тұлғаларға, сынып жетекшілері, психологтер, әлеуметтік  
педагогтерге арналған.

«Өркен» БӘАҰҒПИ-ның ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған.  
№5 хаттама. 16.08. 2024 ж.

Алматы, 2024. - 61 бет.

## Мазмұны

Даналық – байлықтан қымбат	4
«Даналық мектебі» клубының жұмысын ұйымдастыру	6
Туыстық қарым-қатынас – баға жетпес байлық	10
Ата кәсіп – берекенің бастауы	16
Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі...	21
Өнегелі өмір	27
Жирен жаман әдеттен	30
Аға болсаң ақыл айт	39
Жеңге мінезімен көркем	48
Отбасы құндылығы (Жеңгелерге жеті кеңес)	53
Пайдаланылған әдебиеттер:	61

## ДАНАЛЫҚ – БАЙЛЫҚТАН ҚЫМБАТ

Даналықты бір ауыз сөз бен түйіндеп түсіндіре қою оңай шаруа емес. Оны жылдар бойы жиналған рухани ілім десек қателесе қоймаспыз. Оның өзі олқы соғып тұрады, өйткені дана адам қоғамда болып жатқан оқиғаларды, айтылып жатқан ақпараттарды саралай отырып, айналасындағыларға оның ақиқатын ашып түсіндіре алатын адам. Оны түсіндіруге тек рухани ілім аздық етеді, оған парасат, пайымдау сияқты басқа да қасиеттер керек. 2001 жылы жарық көрген «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» мынадай анықтама беріледі: «1. «Өмірдің шындығын, оның себебі мен салдарын кемеңгерлігімен танып білетін қасиет. 2. философ. Адамзаттың сан ғасырлық таным процесі мен өмір тәжірибесі нәтижесінде рухани ілім-білімді игеріп, оны ұрпақтан-ұрпаққа ұлағатты ой-пікір, өнегелі, ізгілікті іс-әрекет түрінде жеткізе білетін адам қасиеті». [1] Әрине елдің бәрі бүкіл ұлтқа жол көрсетіп, өнеге айтатын Абай сияқты кемеңгер емес, бірақ кемеліне келген әрбір адам ең болмағанда өз әулетіндегі аузына қараған кіші буынға шама-шарқы жеткенше жол көрсетіп отыруға міндетті деп есептеймін.

Әбу-Насыр әл-Фараби «Адам білім алу мен тәрбиенің нәтижесінде өнегелі адамға айналады» [2.294], - деп түйіндейді. Осы өнегелі адам өсе келе өзінің даналығын көрсететін болады. Қоғамның жартысынан көбі осындай ұстаныммен өмір сүретін болса, «бақытты қоғам» деген сол емес пе?! Демек, үйімізде өсіп жатқан балаларымыз, немерелеріміз өнегелі болсын десек, білім мен қатар тәрбие беруіміз керек. Академиялық білімді мектепте, мектептен кейінгі білім беру мекемелерінде алады. Бүгінгі таңда балаларымыз білім жағынан ешкімге есе бермейтін шамаға келді, бірақ олардың бойына рухани (ұлттық) құндылықтарды сіңіре алмай жатқанымызды мойындауымыз керек. Отбасындағы тәрбиенің осалдығынан аддиктивті, девиантты, деструктивті мінезге бой алдырып жатқандар көп. Оның арты орны толмайтын өкінішті жағдайларға соқтырып жатады. Әлбетте әртүрлі бағдарламалар қабылданып, жаман әдеттің алдын алу шаралары жасалып жатыр. Бірақ нәтиже мардымсыз. Қоғамда тәрбиемен ата-ана айналыспай бұл мәселенің түбегейлі шешілмейтіні түсінікті болды. Алайда, оны ата-анаға ысырып тастағаннан мәселе оң-оңай шешіле қойса... Шешілмейді ғой. Бұрыннан қалыптасқан нормалардың Z, альфа ұрпақтарын тәрбиелеуге толық жауап бере алмайтыны айдан анық. Ата-аналардың барлығы бірдей педагогиканың, психологияның негізін білмейді. Онсыз бала тәрбиесімен айналысамын деу ақылсыздық болар еді.

Баланың болашақта жақсы адам болмағы дұрыс білім мен дұрыс тәрбиеден басталады. Бұл екеуін білікті адамдар ешуақытта бір-бірінен бөліп қараған емес. Жүсіп Баласағұн:

Ұл өсіргің келсе дана, жүректі,

Қатты ұстап, үйрет білім, ізетті, [3. 39] - дегенде осы екеуін қатар айтып отыр. Бұл жердегі білім түсінікті, «ізетті» тәрбие екенін түсіндіріп жату артық деп ойлаймын. Алайда осы жерде «қатты ұстап» деген бүгінгі ата-ананың жанын солқ еткізетін ауыр сөз тұр. Бір оқығанда ымырасыз «қаталдық» сияқты көрінуі мүмкін. Ал шынында бұл қаталдық емес, баланы

бетімен жібермеу. Кейінгі уақыттары еркелетеміз деп, балаларымызға «қой дегенді» түсіндіре алмайтын жағдайға келдік. Сосын «тыңдамайды» деп шарасыз күйге түсіп отырамыз. Жүсіп Баласағұнның:

Ұл-қызына өнер, білім танытқын,

Өнерімен жақсы құлқы қанықсын, [3. 39] - дегені және бар. Бұл ата-бабаларымыздың ұл мен қызды бөліп жармай, екеуіне бірдей қарағанына толық дәлел. Данышпанның «жақсы құлық» деп отырғаны тағы да сол тәрбие, мінез... Махмұт Қашғари:

Ұлым, саған әдепті мирас етіп қалдырамын,

Жағалағын жайқалған білімдінің бал құрағын, [3. 105]- деп, алдымен әдепті болуға (тәрбие) шақырса, Ахмет Йүгнеки де

Әдептің басы – аузын бағу, - деп, Қашғаридың сөзін қуаттай түседі. Осындай данышпандардың бәрі тәрбие мен білімге айырықша мән берген. Осы мәселеге баланың әкесі мен анасы ғана емес, атасы мен әжесі, ағасы мен жеңгесі тіпті әпкесі мен жездесі де назар аудару керек деп есептейміз. Алайда, біреуді тәрбиелеймін деген адамға қаласаң да, қаламасаң да «ДАНАЛЫҚ» керек. Қазақтың «Жасында байқары жоқтың, есейгенде айтары жоқ» деп жас баланың өзін даналыққа жетелеуі тегін емес. Әрбір шаңырақ тәрбие мектебіне айналуы керек. Тек ата-ана ғана емес, әулеттің үлкені атасы мен әжесі, жасы үлкен ағалары мен жеңгелері өсіп келе жатқан балаға керек нәрсені қасына ерте жүріп, жан тәнімен ұқтырса... Ал нені ұқтырамыз десек, «Отбасылық құндылықтар, ата-тегі, үлкенге құрмет, кішіге ізет, обал-сауап, ұят... Әл Фараби айтқан «балаға алдымен берілуге тиіс тәрбие» осы емес пе?! Осы мәселелерді сіңіруде «АТА мен ӘЖЕНІҢ» орны айырықша екенін астын сызып тұрып айтқым келеді. Егер бүгін дәл осылай істейміз десек, оған кім кедергі?! Бүгінгі аталар мен әжелер, ағалар мен жеңгелер өз міндетін толық атқарып жүр ме? Бұл сұраққа жауап берерде, аз-маз қиналатынымыз өтірік емес. Осы тұрғыда «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» аясында қолға алынып жатқан «Даналық мектебі» клубының жұмысын қалай ұйымдастырамыз деген мәселеге аз-кем тоқталсақ...

Ұлттық тәрбие мектептерін қалпына келтіру бағытында «Даналық мектебі» Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бір бағыты ретінде мектептерде клубтық форматта жұмыс істеп жатыр. «Даналық мектебі» клубында Ата өсиетін, Әже даналығын, ағаның қамқорлығын, жеңгенің кеңесін жан-жақты түсіндіретін іс-шаралар жүргізілуде. Бұл іс-шараларға оқушылардың аталары, әжелері, ағалары, жеңгелері қатыстырылу керек. Мысалы әр сыныптан кемінде 1 адам қатысса, ол өз сыныбындағы аталардың, әжелердің, ағалардың, жеңгелердің басын қосып, заманауи мүмкіндіктерді ескеріп, әлеуметтік желілерде парақшалар ашып, айтылған, талданған мәселені ортаға салуға болады. Сонда клубтың жұмысы жанданып, Ұлттық тәрбие мектептерінің жұмысы сыныптарда жалғасын табар еді.

## «ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» КЛУБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Биылғы жылы да «Даналық мектебі» клубында «Ата өсиетін», «Әже даналығын», «Аға қамқорлығын», «Жеңге кеңесін» жан-жақты түсіндіретін 4 мектеп жұмыс жасайды. Әр мектеп бойынша 2 тақырыптан, барлығы 8 тақырып қарастырылады. I жартыжылдықта 4 іс-шара, II жартыжылдықта қалған 4 іс-шара өткізіледі. Іс-шараларды ұйымдастыру формасын таңдауда мектептегі жауапты тұлғаларға еркіндік беріледі. Ол алқалы жиын (дөңгелек үстел), сұхбат, семинар, кездесу, жеке тағылымдық сабақтар, пікірталас, байқау, т.б. болуы мүмкін. Клуб жұмысына жауапты адамдарға қиындық туғызбау үшін еліміздің әр өңірінен жиналған педагогтер жоғарыда айтылған 8 іс-шараның сценарилерін дайындады.

### «Даналық мектебі» бойынша әзірleme авторлары

№	Автор	Жұмыс орны	Тақырып
1	Конысбаева Лола Жаксылыковна	Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы № 4 ОМ	Туыстық қарым-қатынас – баға жетпес байлық
2	Кудайбергенова Гулжанар Сазанбековна	Шымкент қаласы №51 ЖОББ мектебі	Ата кәсіп – берекенің бастауы
3	Сейтова Нурсулу Сайлауовна	Қызылорда обл, Қазалы ауданы Қожабақы ауылы №25 қазақ ОМ	Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі...
4	Машакова Назгул Муқановна	Алматы қаласы, Қ.А.Яссауи атындағы №123 МГ	Шеше көрген тон пішер
5	Сулейменова Гулмайра Алимхановна	Шымкент қаласы, «Қосымша білім беру оқу салалық орталығы»	Жирен жаман әдеттен
6	Атабаева Шолпан Шенгелбайевна	Шымкент қаласы Т.Рысқұлов атындығы №25 МГ	Аға болсаң ақыл айт
7	Рамазанова Қарашаш Сагидуллаевна	Орал қаласы, А. Байтұрсынов ат. №10 ЖББОМ	Жеңге мінезімен көркем
8	Кубиева Амангул Тлековна	БҚО. Бөкейорда ауд., М-С Бабажанов атындағы ЖОББМ	Отбасы құндылығы (Жеңгелерге жеті кеңес)

Республика мектептері осы дайын сценарийлерді пайдаланады. Атап айтатын болсақ, «Ата өсиеті» бойынша **«Туыстық қарым-қатынас – баға жетпес байлық»** тақырыбында интерактивті сабақтың сценарийі жазылды. Бұл шараның мақсаты – туыстық қарым-қатынастың маңыздылығын дәріптеу. Сабаққа қатысып, туыстық қарым-қатынастың маңыздылығын түсінген аталар «сөзжұмбақ», «сыңарын тап», «кім болады»? ойындары арқылы немерелері мен жиендеріне жақын адамдардың қалай туысатынын түсіндіріп, туыстық атауларды үйретеді. Жағдаяттарды шешу арқылы ағайын арасындағы сыйласықтың артуына мүмкіндік жасайтын болады. Екінші тақырып: **Ата кәсіп – берекенің бастауы (немеремізге мамандық таңдауға қалай көмектесеміз?)** Қаласақ та, қаламасақ та бала 9-11 сыныпқа келгенде мамандық таңдау мәселесі алдынан шығады. Осы уақытта атасы да шама-шарқы жеткенше немересіне көмектескені, ақылын айтып жол көрсеткені дұрыс деп ойлаймыз. Осы шара арқылы оларға мамандық таңдауда нені ескеру керек деген мәселеге жан-жақты тоқталатын боламыз. Аквариум, инсерт әдістері қолданылады. Кері байланыс беріліп, рефлексия жасалады. Біздің мақсатымыз - пікір таластыру емес, пікір алмаса отырып, ой бөлісу. Баланың мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдауына атасы ықпал етсе, бейімділігі мен қабілетінің сәйкес келуін қадағаласа деген ниетпен клуб жұмысына осы іс-шараны енгізіп отырмыз.

Әже даналығын дәріптеу үшін **«Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі»** тақырыбында алқалы жиынның сценарийі жазылды. «Ой қозғау», «қабырғадағы рөл», «жағдаят шешу» (кейс-стади) әдістері қолданылады. Әжелер жағдаятты жәй шешіп қана қоймай, шешімнің артықшылығы мен кемшілігін салыстыруды үйренеді. Бұл шараға қатысқан әжелер өздерінің отбасылық тәрбиедегі жауапкершілігін түсінеді. Немерелеріне нені, қалай үйрету керекін біледі. Мысалы немере-жиендеріне әлеуметтік желіде өз парақшасын қалай жүргізу керекін, бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатынас жасауды, қиындыққа тап болғанда өзін қалай ұстауды, ренжісіп қалған досымен қалай татуласу керекін үйретіп отырса, қандай жақсы?! Әже мектебі бойынша екінші іс-шара - **«Өнегелі өмір»** тақырыбындағы кездесу кеші. Әр өңірде өз аймағынан шыққан әртүрлі саланың мамандары болады. Кездесуге өз саласында жетістікке жеткен, істеген ісі елге үлгі, өнеге болатындай танымал адамдар шақырылады. Ал қолдарыңыздағы – дизайнермен кездесуге арналған сценарий. Мұнда қойылатын сұрақтар, орындалатын әндер, кездесу барысында орындалатын жұмыстар ойластырылған. Жәй сұрақтар емес бүгінгі күні өзекті деген сұрақтарды қамтуға тырыстық. Сценарий бойынша қонағымыз дизайнер болғандықтан ісмерліктің бір құпиясын әжелермен бөлісетін жұмыс кіргіздік. Әжелер дизайнерден үйренген құпиясын немерелеріне үйретсе, жақсы емес пе?! Ұлы Абай:

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз, - дейді.

Әжелеріміз де немерелеріне жақсы адамдарды үлгі етіп отырса деген оймен осындай тақырып енгізіп отырмыз.

Ініге, қарындасқа ең жақын адам аға. Отбасылық тәрбиеде ағаның жауапкершілігі үлкен. Аға бауырларынан, қарындастарынан қолынан келген қамқорлығын аямауға тиіс. Осы тұрғыда «**Аға болсаң, ақыл айт**» тақырыбында тренингтің сценарийі дайындалды. Бұл шараға қатысқан ағалар әкесіз қалса да, отбасындағы өзінен кішілерге әкесінің жоқтығын білдірмей өсірген адам туралы бейнеролик көреді. Тағылымды, ғибраты мол ролик. Сонымен қатар түрлі жағдаяттарды шешу арқылы ағалық жауапкершіліктің салмағын сезініп, іні-қарындасына қамқорлық жасауды дағдыға айналдырады деп сенеміз. Іс-шара барысында топтық жұмыстарда «жағдаяттарды шешу», (кейс-стади) «сәйкестендіру», «мәселені бірлесе шешу» әдістері қолданылады. Ойын ойналып, ұлағатты әңгімелер тыңдалады.

Аға қамқорлығы бойынша келесі шара – «**Жирен жаман әдеттен**» тақырыбындағы бес кезеңнен тұратын сайыс сабағы.

1. «Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені» - таныстырылым кезеңі
2. «Сұрақ-жауап» сайысы
3. Тығырықтан жол табу» сайысы – жағдаяттан шығу
4. «Біз оқыған бір кітап» сайысы. Оқыған кітабынан мағыналы түйінін анықтау, көзқарасын білдіру.
5. «Мен ініме не үйреттім?» - ағасы өз іні, қарындастарына не үйреткенін, қандай дағдылар мен іс-әрекеттерге баулығанын көрсету сәті.

Сайыс соңында қатысушылар бүгінгі іс-шарадан түйгендерін «Аға жолы» қойын дәптеріне жазады. Сайысқа қатысқан ағалар іс-шарадан көрген, білген, түйгендерін іні-қарындастарына айтып, олардың жаман қылықтан сақ болуына көңіл бөліп жүреді деп есептейміз.

Отбасылық тәрбиеде жеңгенің орны ерекше, оны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ оның күннен күнге бағасы кеміп, жойылып бара жатқанын мойындауымыз керек. Баяғы заманда үйге келін түскен бойы қайынсіңлілерінің тәрбиесі автоматты түрде жеңгенің мойнына түсетін. Сондай жауапкершілігі мол ауыр қызметті жеңгелер де қыңқ етпей көтеріп, ұзатылып кеткенше қайынсіңлілерінің қас-қабағына қарап, білгенін үйрететін. Ал қазір ше?! Қазір де ондай жеңгелер бар. Бірақ азайып бара жатыр. Барлық үйдегі жеңгелер сондай болса деген ниетпен «жеңге кеңесіне» де 2 тақырып алып отырмыз. «**Жеңге мінезімен көркем**» тақырыбында тренинг өткізіледі. Қатысушылар алыстан келе жатқан қайынінісін қалай күтіп аламыз деген тақырыпта ой бөлісіп, қайынсіңлі мен жеңге арасындағы татулықты қалай сақтауға болатынын талқылайды. Сонымен қатар «Егер блогер болсам...» айдарымен, «Жеңгелер институтын» жаңғырту үшін не істеу керекін ортаға салады. Жүргізуші осы шараны өткізу барысында бейнероликтермен жұмыс жүргізу, «қос баған» кестесін толтыру әдістерін қолданады. «**Жеңгелерге жеті кеңес**» тақырыбында алқалы жиынның сценарийін ұсынып отырмыз. Алқалы жиынға келгендер «Бүгінгі күні жеңге қандай болуы керек»? деген сұраққа жауап алып кетеді деп ойлаймын. Қазақтың «Ат тергеу» дәстүрінің қыр-сырын түсініп, күйеуінің туыстары, әсіресе қайыніні-қайынсіңлілеріне қандай ат қоюға болатынын ақылдасады. Отбасындағы сыйластықты, татулықты



сақтаудың құпиясына үніледі. Сыр сақтау керегін түсінеді. Спикерлер жеңгелерге төмендегідей кеңестер айтып, оны ортаға салады.

1. Жасы кішілердің махабатына бөлену үшін оларды бөліп жармай, бәрін бірдей жақсы көруіміз керек
2. Қайынсіңлінің жан сырымен бөлісетін сырласына айналу. Ондай кезде жеңге сырға берік болуы керек. Сыр сақтай білу - үлкен өнер.
3. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор болу. Сонда келінге, жеңгеге деген құрмет те арта түседі
4. Қайыніні-қайынсіңлі бойындағы қабілетті, дарынды жазбай танып, ақыл-кеңес айтып, болашағына жол сілтеп отыру
5. Орайы келгенде әзілдесіп жүру. Қайыніні-қайынсіңліңе қалжыңдасып жүруді үйрету. «Әзілің жарасса атаңмен ойна»
6. Қыз - Келін - Жеңге - Ана - Ене деген тіршілік тізбегін ұмытпай, әр кезеңдегі статусына лайық болу
7. Ұлттық құндылықтардың сақталуына назар аудару.

Биылғы оқу жылында «Даналық мектебі» клубы бойынша осындай шаралар жүргізуді жоспарлап отырмыз. Сіздерге ұсынылып отырған сценарийлер жұмыстарыңызды біраз жеңілдетеді деп ойлаймыз.

## Тақырыбы: «ТУЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ» интерактивті сабақтың сценарийі

Алматы облысы Жамбыл ауданы  
Қарғалы № 4 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Конысбаева Лола Жаксылыковна

**Мақсаты:** Туыстық қарым-қатынастың маңыздылығын дәріптеу.

### Міндеттер:

1. Туыстық атаулардың мағынасын ашу
2. Ағайын, туыс арасындағы татулықты сақтау жолдарын түсіндіру
3. Туыстық қарым-қатынасқа атаның жауапты екеніне назар аударту

### Ұлттық құндылық:


Туыс адамдар арасындағы татулық

### Күтілетін нәтиже:

Туыстық атауларды бір-бірінен ажыратады.

Туыстық қарым-қатынастың маңыздылығын түсінеді.

Ағайын арасындағы сыйласықтың артуына мүмкіндік жасайды.



### I. Ұйымдастыру бөлімі (10 минут)

#### Модератор:

Қайырлы күн, құрметті қатысушылар, аталар! Біз сіздермен «Туыстық қатым-қатынас – баға жетпес байлық» деген тақырыпта ой қозғайтын боламыз.

**Тренинг.** (5 минут). «Сіздер... білесіздер: Бірақ... білмейсіздер». Іс-шараға қатысушы аталар өздерін таныстыру мақсатында тренингке қатысады. Олар өздерінің ата ретінде атқарып жүрген маңызды істерімен таныстырады. Мысалы,

1. Сіздер менің қамқор ата екенімді білесіздер, бірақ 10 немерем бар екенін білмейсіздер.
2. Сіздер қатал екенімді білесіздер, бірақ немере десе ішкен асымды жерге қойып, көп уақытымды соларға арнайтынымды білмейсіздер.

3. Сіздер 9 немерем бар екенін білесіздер, бірақ немерелеріме атқа мінуді үйреткенімді білмейсіздер. (Бұл шартты түрде алынған мысалдар, аталар «білетін, білмейтіндерді» қалауына қарай өзгертіп айтады)

### **Ой қозғау. (5 минут)**

**Модератор:** Бүгінгі күні өмірде ағайын адамдардың бір-бірімен тіл табыса алмай, бір-бірін мәңгі көрместей болып, ат-құйрығын кесісіп жатқан жайттар жиі кездеседі. Туыстық қарым-қатынасымызды нығайтудың орнына, үзуге бейім болып барамыз. Ағайын-туыспен той-мерекелерде ғана кездесіп қалғанымыз болмаса, арнайы жолға шығып, жүздесіп қайтуды ұмыта бастадық. Осының салдарынан ағайын арасы бірте-бірте суып бара жатқандай. Неліктен? Ағайынның арасындағы қарым-қатынастың берік орын алуына кім жауапты?

**1. Ал сіз ше, сіз дәл осы жауапкершілікті қалай арқалап жүрсіз?**

**2. Қазақ неге туысын «бауырым» дейді?** (қатысушылар сұрақтарға жауап береді, бірін-бірі толықтырады. )

### **Негізгі бөлігі (40 минут)**

#### **1-тапсырма. Топтық жұмыс. (10 минут)**

Отбасының басшысы, балалардың қорғаны, жанұядағы тәртіпті сақтап басшылық жасап жүрген адам – Ата! Атаны биік бәйтерекке теңеп жатамыз. Шынында, отбасының арқасүйер қамқоршысы сіздерсіздер. Бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесінде атаның рөлі зор. Тіпті ағайын арасындағы туысқандық жайлы да балаға түсіндіріп отыру сіздердің міндеттеріңіз дер едім! Олай болса, алдымен, туыстық атауларды еске түсірейік!

*(3 топқа туыс атаулары жазылған үлестірме таратылады)*

#### **1-топ.**

- **Нағашы ата**
- **Абысын**
- **Бажа**
- **Қайын аға**
- **Нағашы әже**
- **Келін**

Берілген туыстық атауларды немереңізге үйрету үшін тігінен «**ағайын**» деген сөзді жазып, сөзжұмбақ құрастырыңыз.

#### **2-топ.**

- **Әже** –
- **Құда** –
- **Құдаша** –
- **Жиеншар** –

- **Бөле –**
- **Жезде –**

Берілген туыстық атауларды немереңізге үйрету үшін «**Сыңарын тап**» ойынын құрастырыңыз.

**3-топ.**

- **Жеңге**
- **Ата**
- **Балдыз**
- **Ене**
- **Туажат**
- **Немере**

Берілген туыстық атауларды немереңізге үйрету үшін «**Кім болады?**» ойынына келтіріңіз.

Әр топтан бір адам тапсырманы таныстырады.

**Кері байланыс:**

**Туыстық атауларды немерелерімізге осылай үйретуге бола ма?**

**2-тапсырма. Ағайын арасындағы татулықтың мәні. Мәтінмен жұмыс.** (Жүргізуші өзі оқып беруге болады. Үлестірме материал ретінде таратып беріп аталардың өздеріне оқытуға болады. Көрініс түрінде қойылым көрсетуге болады)

### **Бауырлар мен ұста**

Ертеде ағалы-інілі ағайындылар тату-тәтті көршілес өмір сүрген екен. Алайда бір күні үлкені кішісінің өтінішін орындамай қалып, араларында салқындық пайда болады. Екіншіде кішісі де ағасына қажетті көмекті көрсетпей, өткен жолғы ренішін еске салады. Осыдан кейін екеуі бет көріспестей ренжіседі. Сөйлесу түгілі, амандаспайтын халге жетеді. Күндердің күнінде үлкен бауырдың есігін жұмыс іздеп жүрген ағаш ұстасы қағады. Жұмысқа алуға келісіп:

– Анау тұрған шағын өзенді көрдің бе? Соның арғы бетінде інім тұрады. Сол жерге үлкен қақпа орната аласың ба? Ол өте биік болсын! Оның үйін де, тұлғасын да көргім келмейді,-деді.

Ұста:– Иә, жасауға болады. Сонда неге ініңізді көргіңіз келмейді?-деп сұрады. Ағасы не себепті ұрысқандарын да есіне түсіре алмады. Жүрегі әбден қарайып, реніші тереңдеп кеткен екен.

Аз ғана ойланған ұста: – Рұқсат етсең таңға дейін жұмыс істейін, ертең басқа шаруаларым бар,- деді. Қожайын келісім берді. Алайда, түні бойы

мазасызданып, ұйықтай алмады. Оның үстіне сырттан ұста құралдарының тарс-тұрс дыбыстары естіле берді.

Ақыры таң атып, қожайын сыртқа шығып, қақпаға тапсырыс берген тұсқа мойын бұрды. Қараса, ешқандай қақпа жоқ. Керісінше, өзеннің арғы бетіне өтетін көпір қойылыпты.

– Сорың құрсын! Мынау не сұмдық! Мынау ұстаны ма? Мен оған әлгілерді көзіме көрсетпейтін қақпа салуды тапсырдым ғой! - деп ашуға булығы бергенде, таныс бейне ұшырасты. Кілт тоқтады. Анықтап қараса, көпірдің үстінде інісі тұр екен. Ол қолын бұлғап:

– Қымбатты, бауырым менің! Жан бауырым! Сені сондай сағындым! Сен менің ең жақынымсың ғой! Өзім бірінші қадам жасауға шешіле алмай жүр едім. Алайда, сен соны жасадың. Әрине, өйткені, сен үлкен әрі ақылдысың ғой.., - деп ағынан жарылды.

Екі бауыр құшақтасып, көздеріне жас алып, мәз-мейрам болысты. Екеуі көкке отыра кетіп, өткен-кеткенді еске алып, қызықты сәттерін айтудан жалықпады. Осылайша, кештің қалай батқанын білмей де қалды.

### **Талқылау. «Сұрақтар бұрқасыны» (15 минут)**

1. Мәтіннен не түйдіңіз?
2. Ұстаның әрекетін қалай бағалайсыз?
3. Аға мен іні арасындағы қатынасты немереңізге қалай түсіндірер едіңіз?
4. Немерелер мен жиендердің бір-бірімен татулығын қалай үйлестіріп отырарсыз?

### **3-тапсырма. (15 минут)**

#### **«Кім жақын?» Қаз дауысты Қазыбектің шешендігі**

Қаздауысты Қазыбектің тапқырлығы мен шешендігін өз құлағымен естіп, көз жеткізгісі келген бір білгір адам оған: Кім жақын? Не қымбат? Не қиын? деген үш сұрақты қатарынан қойса керек. Сонда Қазыбек би оған былай деп жауап қайырған екен деседі: (Интерактивті тақтаға шығарып қойған дұрыс)

Тату болса, ағайын жақын,  
Ақылшы болса, апайың жақын.  
Бауырмал болса інің жақын,  
Инабатты болса, келінің жақын.  
Алдыңа тартқан адал асын,  
Қимас жақын – қарындасың.  
Сыбайлас болса, нағашың жақын.  
Адал болса, досың жақын.  
Еркелейтін немерең жақын,  
Өз ұрпағың – шөберең жақын.  
Жан серігің жас кезіңнен  
Бәрінен де әйелің жақын.... (қысқартылып алынды)

Шешендік сөзді толық талдау шарт емес. Атақты шешен: «Еркелейтін немерең жақын, өз ұрпағың – шөберең жақын» дейді. Келісесіз бе? (Жүргізуші үш топтан да сұрап шығады)

### **1-топқа тапсырма.**

Немереңіз нағашыларының тәрбиесінде өсіп жатыр. Киімі көк, тамағы тоқ, уайымы жоқ. Құдаңыз сізге өкпелі. Әкелейін, таныстырайын, араластырайын деген ойы жоқ. Немереңізді сағынып жүрсіз, не істейсіз? Топпен ақылдаса отырып құдаңызбен, немереңізбен араласудың жолын табыңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

### **2-топқа тапсырма.**

Ұлыңыздың алғашқы некесінен немереңіз бар. Сіздің қолыңызда өсіп жатыр. Оны келініңіз де өз баласындай көреді. Нағашыларының жиенін көргісі келетінін, бірақ алдымен әрекет жасауға бата алмай жүргенін естідіңіз. Оған келініңіз де қарсы. Топпен ақылдаса отырып немереңізді туыстарымен араластыру үшін қандай әрекет жасар едіңіз?

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

### **3-топқа тапсырма.**

Қасиетті рамазан айында құдаңыз немерелеріңізді ала келіңіз деп, ауызашарға шақырды. Сөз арасында «балалар бір-бірімен жақын таныссын деп, бөтен ешкімді қоспадым», - деді. Бірақ ұлыңыз баласының нағашыларымен араласқанын қаламайды. Не істейсіз?

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

**Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек».**



Қатысушы аталар орындаған тапсырмаларын оқиды, бірін-бірі толықтырады, бір-біріне кері байланыс береді.

**4-тапсырма.** Жұптық жұмыс. (5 минут).

Туыстық қарым-қатынас қандай болу керек? 10 белгісін атап шығыңыз.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

туыстық қатынас

## II. Кері байланыс. «Бағалаймын»

Уақыты: 10 минут

Модератор қатысушыларға кесте береді. Қатысушы кемінде өзі бағалайтын үш адамның, кешірім сұрайтын үш адамның, рақмет айтқысы келетін үш адамның атын жазып, кестені толтырады. (Оқығысы келгендердің бәріне оқытуға болады)

Бағалаймын	Кешірім сұраймын	Рақмет айтамын

## Рефлексия. (5 минут)

1. Немеремді ағайын-туыстармен араластыру үшін не істеуім керек?

2. Немереңіздің ағайын-туыспен араласуына мұрындық болғыңыз келе ме?

**Қорытынды.** Біз бүгін жиналып баланың туыстары туралы ой бөлістік. Мұның бәрін бұрыннан да білесіздер, біздің айтқымыз келгені осындай туыстары бар екенін немереңіз біле ме? Олармен араласып тұра ма? Оларға

көмек қолып созуға дайын ба? Олардың осындай туыстарымен араласып тұруына мұрындық болатын кім? Әрине, сіздер, аталар... Оларды үйіңізге шақырып немесе немереңізді алып барып дегендей... ағайын арасындағы татулықты сіздер сақтайсыздар. Сіздерді осы міндеттеріңізге мұқият қарауға шақырамыз.

## **Тақырыбы: АТА КӘСІП – БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ (немеремізге мамандық таңдауға қалай көмектесеміз?)**

Кудайбергенова Гулжанар Сазанбековна  
Шымкент қаласындағы N51 ЖОББ мектебі  
Музыка пәні мұғалімі, директордың тәрбие  
ісі жөніндегі орынбасары.

**Мақсаты:** Мамандық таңдауда ата ақылының маңыздылығын түсіндіру

### **Міндеттері:**

1. Мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныстыру
2. Мамандық таңдауда баланың бойындағы қасиетіне қарай оң шешім қабылдауға жетелеу
3. Мамандық таңдауда назар аударатын кей мәселелермен таныстыру.

### **Ұлттық құндылық:**

«Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!»

### **Күтілетін нәтиже:**

Аталардың мамандық туралы көзқарастары дамиды;  
Баланың мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді;  
Мамандық таңдауда баланың бейімділігі мен қабілетінің сәйкес келуін қадағалайды.


*/Пікір алмасуға 6 ата сахнаға отырғызылады және көрермен кеш қонақтары/*

### **Іс-шараның жүргізілу барысы**

#### **Ұйымдастыру бөлімі (10 мин).**

Қайырлы күн, құрметті аталар! Қазақта «Балам-балым, баланың баласы – жаным» деген әдемі сөз бар емес пе? Ендеше, осы сөздің астарында қаншама тәрбие мен мән-мағына жатыр десенізші! «Тәрбие басы – тал бесік» дейміз. Олай болса пікір алмасу кешіне қош келдіңіздер.

Бүгінгі пікір алмасу кешінің тақырыбын ашу үшін аталар сіздермен бірге көрермендерге де





бірнеше сауал қоймақпын. Қойылған сауалға қысқа, бірауыз сөзбен жауап берсеңіздер. (Тақырыпты бір сұрақпен де ашуға болады)

- Сіз немереңіздің болашағын қалай елестетесіз?
- «Болар баланың бетін қақпа, белін бу» деген сөзді, өз немереңізге қалай қолданар едіңіз?
- Заманның ағымына ілесу үшін немереңізге қандай ақыл-кеңес немесе бағыт-бағдар берер едіңіз?
- Атадан балаға, одан әрі немереге қалдыратын өсиетіңіз бар ма?
- Немереңіздің болашақта дұрыс жол таңдауына қандай үлес қосар едіңіз?

*Осы сауалдар төңірегіндегі әңгімелерге сараптама жасай отырып мамандық туралы ой білдіргендердің пікірін жандандыра келіп тақырыпты нақтылап, таныстыру.*

- Ендеше, бүгін қандай тақырып төңірегінде ой қозғаймыз деп ойлайсыздар?

Бәрекелді! Иә, бүгінгі пікір алмасу кешінің тақырыбы «Немеремізге мамандық таңдауға қалай көмектесеміз?» болмақ.

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар, жыл сайын 500-ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады? Біз олардың нешеуін білеміз? Мамандық таңдауда нені бағдар етіп аламыз? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбі нақты жауап бере алмайды. Мамандыққа қатысты баланың дұрыс таңдау жасауына ықпал ететін бірқатар жағдайлар бар. Соның ішіндегі ең маңыздылары:

1. БАҚ құралдары
2. Педагог ұстаздар
3. Отбасының ықпалы

Ендеше, осы сұрақтарға аталармен бірге жауап іздеп көрелік.

## II. Негізгі бөлім (40 минут)



**Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл жай күнелту тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет етеді»** деген сөзін негізге алғым келіп тұр. «Кім боламын?», «Қай мамандықты таңдайсың?» деген сұрақтарға оқушылардың кейбірі «Ата-анам біледі», «Тұрмыс жағдайыма байланысты болады» деген жауаптар беріп жатады, «Өз таңдауым» деп жауап берген бала саны аз. Осы орайда «Ата-ана баласына мамандықты неге жүрек қалауымен таңдауына мүмкіндік бермейді» деген сұрақ туындайды.

**1-тапсырма: (10 минут)** Маман боламын деген адамға «Үйренгім келеді, үйрене аламын, үйренуім керек!» деген ұстаным керек. Мұны талап пен тілектің, мақсат пен мүдденің, ынта мен ықыластың үйлесімі деуге болады. Мына бейнероликтерді көру арқылы өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

«Мамандық таңдау» бойынша ата-аналарға кеңес.

<https://youtu.be/Cuh-Xq14IQE?si=YpmANP-bw7eToIJp> Құрметті қонақтар, бұл ата-аналарға арналған ролик. Егер ата-ана мамандық таңдауда осы мәселелерді ескермей жатса, сіз не істейсіз? Осыған орай тағы бір ақпаратпен таныссақ... (Аталарға үлестірме материал таратылады). Олар «түртіп алу» (инсерт) әдісімен оқиды. (Немесе интербелсенді тақтаға шығарып жүргізуші оқып таныстыруға болады). **(10 минут)**

## Мамандық таңдауға 7 кеңес

### 1. Немереңіздің қандай қалауы барын анықтаңыз

Кім болғысы келеді, немен айналысқанды ұнатады, неге қол жеткізгісі келеді?

### 2. Қандай жұмысқа бейім? Қабілет, қызығушылық, ынта.

Қызығушылық – бір затты немесе құбылысты білуге, оны зерттеуге ұмтылу. Бейімділік – белгілі бір қызметпен айналысуға ұмтылу. Қызығушылықтар мен бейімділік сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі де мүмкін. Ал қабілет дегеніміз – қолға алған істі өз деңгейінде аяғына жеткізу. Қабілеті болса істейді, қабілеті болмаса істей алмайды.

Мысалы, компьютерлік ойындар ойнағанды ұнататын бала ойын дизайнері немесе IT маманы бола алады. Егер сурет салуды немесе өнерді ұнатса, дизайнер немесе сәулетші мамандығын үйренуге болады. Егер спортпен айналысқанды ұнатса, жаттықтырушы қызметін қарастырған дұрыс.

Немереңіз химияны жақсы көретін болса, болашақта фармацевт бола алады. Тамақ жасау қабілетін аспаз немесе кондитер сияқты кәсіпке айналдыруға болады.

### 3. Денсаулық жағдайын ескеру.

Немереңіздің денсаулығына байланысты істеуге болатын, болмайтын мамандық туралы дәрігермен кеңесіңіз. Мысалы, жүрегі ауыратан адамдар, ұшқыш бола алмайды. Ал аллергиясы болса химик немесе шаштараз бола алмайды. Сондықтан немереңіздің денсаулық жағдайының барлық ерекшеліктерін білуіңіз қажет.

### 4. Еңбек нарығына талдау жасаңыз.

Қазіргі уақытта қандай мамандықтар сұранысқа ие екені туралы мүмкіндігінше мол ақпарат жинаңыз. Бес жылдан кейін, оқу бітірген кезде



қандай жұмыс орындары сұранысқа ие болатынын ойланыңыз. Мамандық туралы жақсы білетін мамандардың кеңесіне құлақ асыңыз.

### 5. Қаржылық жағдайды талдаңыз.

Мамандықты меңгеру қаржылық жағдайға да байланысты болуы мүмкін. Ата-анасы немесе сіз оны ақылы бөлімде оқыта аласыз ба, соны ойлаңыз.

### 6. Таңдауды баланың өзі жасасын.

Адамның белгілі бір кәсіпке бейімі мен қабілеті болмаса, ол ешқашан білікті маман бола алмайды. Сондықтан мұндай мәселені өзі шешкені дұрыс.

### 7. Немереңізді қызықтыратын мамандық бойынша жұмыс істейтін адамдармен сөйлесіңіз.

Немереңіз қалаған мамандық туралы көбірек біліңіз. Сол салада істейтін адамдармен сөйлесіңіз. Артықшылықтары мен қиындықтарын анықтаңыз. Міндетті түрде ашық есік күндері оқу орындарына барып танысыңыз.

Әр кеңестің жанына төмендегідей белгі қойып отырады.

Білем	Мен үшін түсініксіз	Мен үшін жаңа ақпарат	Қызық ақпарат
✓	?	+	-

№	кеңес	белгі
1	Болашақ мамандығыңыздан не қалайтыныңызды ойлаңыз	
2	Сіз қандай жұмысқа бейімсіз? Қабілет, қызығушылық, ынта	
3	Денсаулық жағдайын ескеру	
4	Еңбек нарығына талдау жасаңыз	
5	Қаржылық жағдайыңызды талдаңыз	
6	Таңдауды баланың өзі жасасын	
7	Сізді қызықтыратын мамандық бойынша жұмыс істейтін адамдармен сөйлесіңіз	

(Талқылау барысында аталар білетінін бөлісіп, сұрақтары болса жауап алады.)

### 1-тапсырманы қорытындылау. Кері байланыс:

1. Мамандық таңдауда ата ретінде нені ескерер едіңіз?
2. Ата-ана таңдаған мамандықты бала меңгеріп кетеді деп ойлайсыз ба? Иә / жоқ. Дәлелденіз...

### 2-тапсырма: Жағдаяттық тапсырма: (10 минут) Акврийум әдісі.

**Жағдаят:** Немереңіз отбасының таңдаған мамандығын жоғары оқу орында 4 жыл оқыды. Дипломын алып жұмысқа орналасты. Алайда

немереңіз ол мамандықты қаламағандықтан, жұмыс істегісі келмейді. Бұл жағдайда сіздің әрекетіңіз қандай болмақ?

**Жүргізілуі:**

Тәрде отырған 6 ата ақылдаса кеп, өз ойларын жеткізу үшін бір немесе екі адамды ортаға шығарады. Олардың міндеті ортақ пікірді аудиторияға жеткізу.

---

---

Көрермендердің арасынан сыншылар, бақылушылар, сарапшылар таңдалады. Әңгіме барысында олар келіспейтін тұстары болса, пікірталасқа түсе алады.

---

---

Модератор диалогтің сәтті жүруін қадағалауы керек. Соңында екі тарапты ортақ пікірге алып келсе, дұрыс болады.

**2-тапсырманы қорытындылау.** Екі жақтың уәжін тыңдай келе қорытынды сөзді модератор өзі айтады.

**3-тапсырма: (10 минут).** «Мамандықты дұрыс таңдау – табысты өмір» <https://youtu.be/tlHBxzzWuNQ?si=MfIRZMmwRwtdobb6>

Қатысушылар бейне ролик көріп, төмендегі сұрақ бойынша ой бөліседі.

1. Мамандық таңдауда ең бастысы не:
  - қабілет пе,
  - дарын ба,
  - жалақы мәселесі ме,
  - әлде мамандықтардың қоғамдағы беделі ме?
2. Белгілі бір кәсіптің иесі болу үшін міндетті түрде жоғары білім алу қажет пе? Мысалы:
  - Немереңіз автоэлектрик болса...
  - Жүргізуші болса...
  - Дәнекерлеуші болса...
  - Базарда құрылыс материалдарын сатса... жаман ба?

**Модератор:** Немереміз өмірден өз орнын тапсын десек, оның болашағына, мамандық таңдауына салғырт қарамауымыз керек. Осы тұрғыда бүгінгі іс-шарадан өзіңізге қажет құнды ақпарат ала алдыңыз ба?

**Кері байланыс: 10 мин:**

Ұнаған 3 ақпарат:

1. ...
2. ...

3. ...

Ойландырған 2 ақпарат:

1. ...

2. ...

Тілегіңіз:

1. ...

**Қорытынды.** Аталарымыздың қатысуымен өткен бүгінгі біздің пікір алмасуымыз өте тартымды өтті. Өткір пікірлер, жағымды сын айтылды. Бүгінгі пікірлесуден аларымыз көп болды. Аталарымыздың әр сөзі балаларға нық, тура жолды дәл көрсететіндей ғибратқа толы болды. Әр кезеңнің тапсырмасы қызу талқыланып, көңілімізден шығып, барлығымыздың көңіл күйіміз көтеріліп, бүгінгі күннің өзекті мәселесін талқылап, шешу жолдарын таптық десем де болады. «Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз» - деп, Әл-Фараби айтқандай балаларымыздың ісі оң, жұмыстарында абыройлы, мықты маман иесі болсын десек, мамандықты қабілетіне, икемділігіне қарай жүрек қалауларымен таңдауға мүмкіндік беру керек!

Бүгінгі пікір алмасу кешіне қатысқан аталарымызға үлкен рақмет айтамын! Абай атамыз «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!» дегендей, мамандық таңдау өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау екенін ұмытпайық! Ендеше, бүгінгі кешімізді мына өлең жолдарымен аяқтағым келіп тұр.

Еңбек етсем, ертеңгі бақытыма сенемін,  
Мақсатыма жеткізер, уақытыма сенемін.  
Достық іспен қасты да, жеңеріме сенемін.  
Ақыл, сана, білім мен, өнеріме сенемін.  
Арым таза, ақ көңіл, адалдыққа сенемін,  
Абыройлы ақ ниет, адамдыққа сенемін!

**Тақырыбы: ӘЖЕЛЕРДІҢ ӨШПЕЙТІН ӨНЕГЕЛІ ҮЛГІСІ**

Қызылорда облысы Қазалы ауданы  
Қожабақы ауылы  
№25 қазақ орта мектебі  
Сейтова Нурсулу Сайлауовна

**Мақсаты:** Әжелердің ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Әжелердің бала тәрбиесіндегі орнын анықтау
2. Өнегелі әженің немерелеріне нені үйретуі керегін түсіндіру
3. Қиын жағдайда оң шешім шығаруды дағдыға айналдыруға кеңес беру

**Ұлттық құндылықтар:**

Бірлік пен татулық

### **Күтілетін нәтиже:**

Әжелер отбасылық тәрбиедегі жауапкершілігін түсінеді  
Немерелеріне нені үйрету керектігін біледі  
Немересіне үлгі болуды дағдыға айналдырады.

### **Ұйымдастыру бөлім»: (10 минут)**

- Сәлеметсіздер ме, құрметті әжелер! Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз. Бүгін №\_\_\_ орта мектепте «Даналық мектебі» клубы бойынша «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» атты тәрбиелік шарамызды өткізгелі отырмыз. Сіздердің құрметтеріңізге мектебіміздің оқушыларының арнаған ән шашуы бар.

Олай болса, өнерлі оқушыларымызды ортаға шақырайық. \_\_\_ - сынып оқушысы \_\_\_\_\_ орындауында «Асыл әжем» әні (әнін жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған Қ.Мырзалиев).

### **Әжелермен танысу**

Мектеп психологі арнайы шақырылған әжелерді ортада дөңгелене тұрғызып, танысу талабын түсіндіреді.

- Бірінші немереңіздің қай сыныпта оқитынын айтып, немереңіздің есіміне оны қалай сипаттайтыныңызды қоса айтып, өзіңіздің атыңызды атап танысасыздар. Мысалы, 5-сыныптағы әнші бала Әлиханның әжесімін, атым - Маржан. 7-сыныптағы ең сымбатты жігіт Дулаттың әжесі - Гүлмирамын, деп танысуыңызға болады.

*Әжелер ортада өздерін таныстырады.*

**Модератор:** Бүгін сіздермен дөңгелек үстел форматында өткізілгелі тұрған тәрбиелік шарамыздың тақырыбы: «**Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі**» деп аталады. Отбасы баланы бақытқа бастайтын мекен. Отбасы – баланың жақсы тәрбие алатын, өсіп, өмір сүретін орны.

Қазіргі таңда ата-ананың бірінші мақсаты – бала-шағаны асырау үшін қаражат табу, оларды қатарынан қалдырмау. Көбіне осы мақсатпен жүріп ата-ана бала тәрбиесіне көп көңіл бөле алмай қалады. Ал бала тәрбиесі отбасынан басталады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, жақсы-жаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Отбасындағы кикілжің-ұрыстар баланың психикасына әсер етеді. Баланың мейірімді, әдепті, еңбекқор, туысқаншыл болып өсуі – отбасында жайлы, жақсы ахуалдың арқасы. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлудіміз керек. Осы арада:

- отбасындағы бала тәрбиесінде әжелердің орны қандай болу керек деп ойлайсыздар?

### **Негізгі бөлім (40 минут)**

**1-мәселе. Мен үшін қымбат... (ой қозғау. 10 минут)**

- Аяулы әжелер! Өмірдің әр кезеңінің өзіндік бағасы бар. Осы жасқа келгенше өмірден көп нәрсені көрдіңіздер, білдіңіздер, өмір шындығын түйдіңіздер. Әжелік кезең - көп адамның арманы, мәртебелі шақ. Өткеніңіз бен бүгініңізге, ертеңіңізге көз жүгірте отырып, нені «**Мен үшін қымбат**» деп айтар едіңіздер.  
*Әжелердің жауаптарының үлгілері:*

- Өмір қымбат
- Адамның көңілі қымбат
- Ұрпағың қымбат
- Уақыттың қадіріне жете бермейміз, уақыт - қымбат!
- Мен үшін адамға әсерлі болатын әрбір сәт қымбат
- Ұлттық құндылықтар бәрінен қымбат деп ойлаймын
- Адамның ары мен ұяты, намысы қымбат

**1-мәселені қорытындылау:** Осындай қымбат дүниелердің қадіріне жету үшін немерелерімізге не айтуымыз керек? Қандай тәрбие беруіміз керек?

**2-мәселе. Өнегелі әже. «Менің атым Қожа» фильміндегі әженің көрінісі арқылы әжелер өнегесіне саяхат. (10 минут)**

<https://www.youtube.com/watch?v=yQa1xX0FKPs>

1-15 сек., 8.44-8.45 сек., 39.30-40.35 сек. үзінділер көрсетіліп, төмендегі сұрақтар бойынша әжелер ой пікірін білдіреді:

1. Қожаның әжесінің ерекше қасиеттері қандай?
2. Бүгінгі әжелерге ұқсайтын және ұқсамайтын жақтарын айта аламыз ба?
3. Әжелеріңіз несімен есіңізде қалды?
4. Біз баяғы өз әжеміздей бола аламыз ба?
5. Осындай өнегелі әжелердің тәрбиесін жалғастыруға не кедергі?

**2-мәселені қорытындылау:** Өнегелі әже қандай болуы керек?

**3-мәселе. Немерелерімізге нені, қалай үйретуіміз керек? Ой қозғау (10 минут)**

Құрметті әжелер, жаңа танысу барысында өз есімдеріңізден бұрын мақтанышпен немерелеріңіздің атын бірінші атадыңыздар. Немересін жақсы көрмейтін әже болмайтын шығар. Сол немереміз жақсы болсын десек, оған әже ретінде нені үйретуіміз керек? Қазір осы мәселені жұпта немесе 3 адамдық топта талқылап, ортаға салайықшы...

*Әжелердің жауаптарының үлгілері:*

I жұп - Әлеуметтік желіде өз парақшасын қалай жүргізуді

II жұп - Бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатынас жасауды

III жұп - Қиындыққа тап болғанда өзін қалай ұстауды


IV жұп - Үйдің, ауланың тазалығына көңіл бөлуді

V жұп - Уақытымен ұйықтау, дұрыс тамақтанудың артықшылықтарын

VI жұп - Ренжісіп қалған досыңмен татуласудың жолдарын...

- т.б.

**Тапсырма:** Әжелерге А4 немесе А5 форматтағы шетіне төмендегі сурет салынған үлестірме таратыладды. Олар әр мәселе бойынша істеуге болатын мәселені суреттің ішіне, болмайтын дүниені сыртына жазады. Мысалы: 1-мәселе бойынша танымайтын адамнан әдепсіз мәтінде хат келсе оны бұғаттау суреттің ішіне жазылады. Танымайтын адамға отбасың туралы, мекенжайыңды айту сыртына жазылады.



- 1.Танымайтын адамға отбасың туралы айту
- 2.
- 3.
- 4.

**3-мәселені қорытындылау:**

Осындай дүниелерді үйрету арқылы немерелеріміздің жақсы адам боп қалыптасуына көмектесе аламыз ба?

**4-мәселе. Әжелерге арналған жағдаяттық сұрақтар (10 минут)** Әжелер таратылған кестедегі әрекеттердің артықшылығы мен кемшілігін талқылап, не істейтіндерін анықтайды. (Төмендегі мәселенің біреуін таңдап, жан-жақты, толық талқылауға болады немесе топқа бөліп, әр топқа бір жағдаяттан беруге болады).

1. Немереңіз сабақтан қашып, мектептен ерте келді, не істейсіз?

Әрекеттер	артықшылығы	кемшілігі
Себебін анықтаймын		
Ертіп апарып мұғаліммен сөйлесемін		
Ерте келгендіктен үй шаруасына жұмсаймын		
Ештеңе демеймін		
Т.б.		

2. Немереңіздің өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?

Әрекеттер	артықшылығы	кемшілігі
Үйірмеге, қосымша сабақтарға қатыстырамын		



Сол саланың білікті мамандарымен кездестіремін		
Кітаптар, басқа да керегін алып беріп өз бетімен жұмыс істеуге жағдай жасаймын		
Ештеңе істемеймін		
Т.б.		

3. Немереңіз ұялы телефон алып бер деп жылады. Сіз: «Шамалы шыдай тұр, уақытыңда алып беремін» - дедіңіз. Балаңыз тыңдамай есікті тарс жауып кетіп қалды. Сіздің әрекетіңіз?

<b>Әрекеттер</b>	<b>артықшылығы</b>	<b>кемшілігі</b>
Қайтып келуін күтемін		
Кешірім сұрап, телефонын алып беремін		
Бірге отырып телефонның қаншалық қажет екенін талқылаймын		
Жаза қолданамын		
Ештеңе демеймін		
Т.б.		

4. Немереңіз белгілі бір пәнді ұнатпай, сабақ оқығысы келмейтінін айтты. Сіздің әрекетіңіз?

<b>Әрекеттер</b>	<b>артықшылығы</b>	<b>кемшілігі</b>
Сол пән бойынша репетитор жалдаймын		
Пән мұғалімімі немесе директормен сөйлесемін		
Сол пәнді жақсы оқысаң қалағаныңды алып беремін деп уәде беремін		
Ештеңе істемеймін		
Т.б.		

**4-мәселені қорытындылау:** Өмір болған соң қиын жағдайлар болмай тұрмайды. Сондай да «Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» екі тарапқа ортақ оң шешім шығаруды дағдыға айналдыруымыз керек. Күшке, өзім білемге салудың арты жақсылыққа апармайтыны белгілі. Жағдаяттарды талқылау барысында соған қол жеткіздік деп ойлаймын.

**Модератор:** Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы бір сөзінде: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын...» деген екен. Бауыржан атамыз текке қорқып отырған жоқ. Дәл бүгін осындай жағдайдың қоғамда жартылай болса да, орын алып тұрғаны ақиқат. Ұрпағымызды тамырсыздық індетінен сақтаймыз десек, әжелік міндетімізге атүсті қарамайық.

Биылғы оқу жылы да «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» былтырғы жұмысын жалғастырып жатыр. Соған орай «Даналық мектебі» аясында әжелердің бала тәрбиесіндегі бағалы кеңестері мен тәжірибесін үлгі ету мақсатында бүгінгі шараны ұйымдастырып отырмыз. Олай болса, осы дөңгелек үстелдегі айтылған мәселелерден қандай даналық түйін едіңіздер?

### **Рефлексия: Даналық түйін**

*Әжелердің “даналық түйіндерінің” үлгілері:*

- Қазіргі балалар ерекше біздің тәрбиемізге көнбейді десек те өзгермейтін бір нәрсе бар. Ол балаға деген жанашырлық, мейірім. Сол арқылы біз бала жүрегіне жол таба аламыз.
- Балаға құр ақыл айту нәтиже бермейді. Ақыл айтпас бұрын сол ақыл айтатын деңгейде қадірім бар ма деп ойлану керек.
- Біздің заманымыз бөлек болды, қиындықтар арқылы жетілдік. Қазір заман басқа, бірақ мұның да өз қиындығы шаш-етектен.
- Өзіміз әжеміздің тәрбиесін алдық, одан жаман болмадық. Обал мен сауапты, ұятты ойлағанда әжеміз еске түседі.
- Мектептің жанынан “Даналық мектебі” ашылып жатса, неге біз даналық түйін жасай алмаймыз?! Адал бол, білімді бол, еңбекті сүй - бұл үшеуі адамды даналыққа бастайтын, адастырмайтын бағдаршам.
- Мен балаларыма жақсыларды үлгі етемін. Өзім жетпеген биікке солар жетсе екен деп тілек тілеймін, бата беремін, өзім мүлде жаман сөз, қарғыс айтпауға тырысамын.

### **Модератор:**

Әже мейірі күн көзімен пара-пар,  
Тұла бойға қуат болып таралар.  
Өмірімізге шуақ шашып әрқашан

Көп жасаңыз, ақ ниетті әжелер,- дей отырып, бүгінгі «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» атты дөңгелек үстелімізді аяқтаймыз.

**«Даналық мектебі» бойынша «ӨНЕГЕЛІ ӨМІР» тақырыбындағы кездесу кешінің сценарийі.**

Алматы қаласы,  
Қ.А. Яссауи атындағы  
№123 мектеп – гимназия  
Машакова Назгул Мукановна

**Мақсаты:** Өлкеміздегі жетістік пен табысқа жеткен адамның өмір жолын өскелең ұрпаққа өнеге ету.

**Міндеттері:**

1. Әжелерге танымал адамдарға еліктеудің сырын түсіндіру
2. Өз ісінің шебері болудың құпиясын ашу.
3. Немерелеріне табысты адамдарды үлгі ету

**Ұлттық құндылық:**

Салт-дәстүр, мәдениет, дін, тіл.

**Күтілетін нәтиже:**

Әжелер замана көшінен қалмау керегін біледі  
Немерелеріне шеберліктің, еңбекқорлықтың құпиясын түсіндіре алады  
Табысты, танымал адамдарды немерелеріне үлгі етіп отыруға тырысады.

**Өткізілетін орны:** мектептің акті залы

**Шақырылған қонақтар:** өнер иесі, жергілікті оқушылардың әжелері, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер.

**Кездесу кешінің өткізілуі:** (Іс-шара 45-60 минут аралығында жоспарланады) Мектебіміздің кіреберіс дәлізінде күй ойнатылып, ұлттық киім киген қыздар қонағымызды салтанатты түрде қарсы алады. (Ескерту: Әр өңірде өз аймағынан шыққан әртүрлі саланың мамандары болады. Кездесуге өз саласында жетістікке жеткен, істеген ісі елге үлгі, өнеге болатындай танымал адамдар шақырылады. Қолдарыңыздағы сценарий дизайнермен кездесуге арналған. Сонымен қатар дизайнер мен әжелер бірге тігетін өрнек, мата, ине-жіп алдын ала дайындалады).

**Жүргізуші:**

Армысыздар құрметті кеш қонақтары! «Қызмет қылсаң халқыңа, игі ат қалар артында» - деп кемеңгер ақын Сәбит Дөнентаев айтқандай, бүгін елге өз

өнерімен танылып жүрген өнер иесімен етене әңгіме құрудың сәті түсіп отыр. Брендті киімдері елімізде ғана емес, басқа да шет елдерде таныстырып жүрген, fashion-индустрияда қолтаңбасын қалыптастыра білген белгілі Қазақстандық дизайнер \_\_\_\_\_ қошеметпен ортаға шақырайық! (Жүргізушінің сөзімен қатар слайдтар көрсетіледі)

Алдымен қонағымызға қош келдіңіз айтып, ыстық лебізін білдіру үшін сөз кезегін мектеп директоры \_\_\_\_\_ береміз!

**Жүргізуші:**

**Құрметті қонақтар, қазақта «Ән көңілдің ажары» деген жақсы сөз бар. Бүгінгі кездесу кешін Қ. Мырза Әлінің сөзіне «Асыл әжем» әнімен бастасақ... Мектебіміздің абыройын асқақтатып жүрген өнерлі ұланымыз \_\_\_\_\_ ортаға шақырамыз.**

**Жүргізуші:**

Кәсіп – халықпен қарым-қатынас, ол сәттілік пен сәтсіздік қатар жүретін сала. Сол себепті кәсіпте әйелдің табысты болуының құпиясы отбасына деген махаббатында, кез келген жағдайды еңсеруге дайын болуы мен адал еңбек етуінде. Сізді өте шебер тігінші, өз ісіңіздің керемет маманы ретінде танимыз. Көпшіліктің сұранысы бойынша сізге қоятын біраз сауалдарымыз бар. Жақсы маман болу үшін адам нені біліп, нені үйрену қажет деп ойлайсыз?

**Қонақ:** \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Жүргізуші:**

Өзіңіздің кәсіпкерлік жолыңызда қиындықтар кездескен болар, «Кәсіпкер» қандай қасиеттерге ие болу керек? **Дизайнер мамандығына қашаннан қызығып, әуестендіңіз?**

**Қонақ:** \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Жүргізуші:**

**Жаңа коллекция ойлап табар алдында шабыттанасыз ба? Шабытты қайдан аласыз? Алғаш қандай киім үлгісін қағаз бетіне түсірдіңіз? Есіңізде бар ма?**

**Қонақ:** \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Жүргізуші:**

Қазіргі заманғы киім үлгілері өте ерекше, бұрынғыларға мүлде ұқсамай, өзгеріп жатыр. Оны дизайнерлердің қабілеттілігі, мықтылығы деуге болатын шығар. Сәнді киінеміз деп, мәнді киінуден қалып қоймаймыз ба? Осы бағытта әжелер немерелеріне қандай қандай ұсыныс бергені дұрыс?

**Қонақ:** \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Жүргізуші:**

Тағы бір әдемі әуенге кезек берсек, алдарыңызда мектебіміздің өнерлі ұланы \_\_\_\_\_ сынып оқушысы \_\_\_\_\_ өнер көрсетеді. Орал-Қосай Бәйсенгірдің сөзіне жазылған «Менің әжем» әні...

**Жүргізуші:**

«Әйел бір қолымен әлемді тербетсе, бір қолымен бесікті тербетеді» дейді дана халқымыз. Қызметі мен отбасы тірлігін қатар ұстап, жетістіктерге жетіп жүрген аруларымыз қаншама. Олар - өз өмірінде кездескен көптеген қиындықтарға қарамастан, қаймықпай, бүгінгі таңда үлкен жетістікке қол жеткізген іскер жан, бақытты жар, аяулы ана. Қай ғасырда болсын әйелдің бақыты біреу ғана. Отбасың, ұрпағың ұстап тұру. Отбасы берекесін сақтап, кәсіпкерлікті қатар алып жүру үлкен еңбекті, төзімділікті қажет етеді. Осы тұрғыда әжелерге не айтар едіңіз? Олар немерелеріне қандай тәрбие беріп, кімді үлгі еткені дұрыс?

**Қонақ:** \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Жүргізуші:**

Қазақтың тарихында он саусағынан өнері тамған небір ісмер қыздар, келіншектер, әжелер өткен. Солардың бәрі де арнайы оқу орнын бітірген жоқ. Алайда, олар ең үлкен мектеп «әжелер академиясын» бітірген. Сондай өнерпаздарды кешелері көзіміз көргенде ең алғаш нәр алған бұлағы әжесі екенін айтатын. Сіздің де осынау ерекше өнеріңізге әсер етіп, қызығушылығыңызды оятқан әжеңіз болды ма? Әжелер академиясының табалдырығынан аттап па едіңіз?

**Қонақ:** \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Жүргізуші:** Әже туралы сұрақ тегін қойылған жоқ. Қолөнер, ісмерлік жәй ғана жұмыс емес, ол ғасырлар қойнауынан сүзіліп, іріктеліп бізге жеткен, біздің

тарихи жадымыз жатқан, өмірлік философиямыз тұнған, әрбір өрнегі, әрбір тігісі, кестесі мен оюы тереңнен сыр шертетін ғажайып туынды. Осыны бүгінгі әжесі немересіне үйретіп кету үшін бір өрнекті немесе таңбаны киімге қалай үйлестіріп тігуге болады. Ісмерліктің үлгісін әжелерімізбен бірге тігіп көрсек қалай болар екен? Біздікі бүгін сізбен бірге ине ұстаған әже ертең сол инені немересімен бірге ұстаса деген ниет қой.

**Қонақ:** \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Жүргізуші:** Қазақ халқы тарихтың талай теперішін көріп, соқтықпалы сан өткелектен өтсе де құрып кетпей, бүгінде өз мемлекетін қалыптастырып, салт-дәстүрін жаңғыртып, ел болып отырса, мұнда бабалардың бір жағына шығысып, ұрпағын адал сүтімен асырап, өнегелі тәрбиесін берген, немересін бесік жырымен әлдилеп, ертегімен өсірген ақ әжелеріміздің еңбегі орасан. Бойына тектілікті әженің жырымен, үнімен сіңірген ұрпақтан, қандай қиындықта да беті қайтпайтын, тауы шағылмайтын, жігерлі, ұлағатты азамат шығары анық. Құрметті \_\_\_\_\_ бүгінгі кешімізге келіп, өзіңіздің ой-пікіріңізбен бөлісіп, құнды мәлімет бергеніңізге көп рахмет. Ел үшін атқарар игі істеріңіз көп болсын! Құрметті әжелер, қонағымызға қоятын сұрақтарыңыз болса, мархамат! (Сұрақ-жауапқа кезек беру)

Кездесу кешін осымен аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!

**Кеш соңы**

**«Даналық мектебі» клубы бойынша  
«Аға болсаң, ақыл айт» тақырыбындағы тағылымдық әңгіме  
сабағының сценарийі**

Шымкент қаласы Т.Рысқұлов атындағы  
№25 мектеп- гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Атабаева Шолпан Шенгелбаевна

**Мақсаты:** Ағалардың іні-қарындастары алдындағы міндетін сезіндіру.

**Міндеттері:**

1. Мақал-мәтелдер арқылы ағалық жолын түсіндіру
2. Ағалық жауапкершіліктің сырын ашу
3. Іні-қарындастарына қамқор болуды дағдыға айналдыруға кеңес беру

**Ұлттық құндылықтар:**

Бауырлар арасындағы сыйластықты дәріптеу

### **Күтілетін нәтиже:**

Мақал-мәтелдердегі ойды ескеріп жүреді

Ағалық жауапкершіліктің салмағын сезінеді

Іні-қарындасына қамқорлық жасауды дағдыға айналдырады

### **I. Ұйымдастыру бөлімі (10 мин)**

#### **Модератор:**

Құрметті ағалар, бүгінгі талқылауға келген қонақтар! Атамыз қазақ сонау заманнан «аға» деген сөзге үлкен мән берген. Аға ақылын айтса, іні ілтипатын білдіріп отырған. Отбасында аға-іні деген туыстық қарым-қатынасқа үлкен жауапкершілікпен қараған. «Атасы бөлек аттан түс, атасы бір атқа мін» деген сөз тектен-тек шықпаса керек. Бұл жердегі мақсат бала не әйелді төмен санау емес, аға мен іні арасындағы жақындықты ұғындырғысы келген. Міне осындай туыстық мәселеде салмағы басым түсетін, кикілжің болған тұста күрмеу жібi әлсiз болатын ағалық мiндет мәселесiн талқыға салатын алқалы жиынға қош келдiңiздер! Бүгiнгi жиында аға мен iнi арасындағы тәрбиелiк байланысты нығайту мақсатында ой қозғайтын боламыз. Қазақта «Ағаның өткенi - нiнiң өткелi» деген керемет нақыл бар. Қазақ халқы жалпы мақал-мәтелдердi шығарған кезде өмiрден көргенiне түйiн жасап, өз көзқарасын бiлдiре отырып, ескерту ретiнде әр iстiң шешiмiн қалдырып отырған. Аға бола бiлудiң өзi үлкен жауапкершiлiк. «Аға болсаң ақыл айт, ақыл айтсаң мақұл айт» деген даналық сөзден ақыл айтсаң дұрыс кеңес бере алатындай, аға ретiнде үлкендiк жасай алатындай дәрежең болу керегiн түсiндiрiп отырған.

Алдымен сабағымыз талқылау, ой бөлісу болғандықтан топтарға бөлініп алалық. Алдарыңызда түстері бірдей ақ қағаздар жатыр. Келесі бетінде мақал жазылған. Мақалды оқып, сол мақалға қатысты топқа барып отырсыздар. Мұндағы мақсат сіздерді аға жайлы мақалдармен таныстырып, ағалық жолын түсіндіру.

#### **I-топ Аға сөзі**

**Топқа берілген мақал**

Әуелгі сөз - ағадан,

Әдепті сөз - ініден.

#### **II –Аға ақылы**

**Топқа берілген мақал**

Ағадан - ақыл,

Ініден - ізет

### **III Аға жолы**

#### **Топқа берілген мақал**

Ағаның өткені -

Інінің өткелі.

### **II. Негізгі бөлігі (45 мин).**

**Ой қозғау:** Ағалық қамқорлықты қалай көрсетуге болады? (5 минут)

#### **Модератор:**

Бүгінгі тақырыбымызда көтерілетін мәселе - сіздерге аға ретінде қойылатын өмір талабы. Ағаның іні-қарындасы алдындағы міндеті. Мейірім, қамқорлықтарыңызға ой салу мақсатында мына бейнебаянды қарап шығуды ұсынамын.

Бейнебаян көрсетіледі. (10 минут)

<https://youtu.be/GNSTqLLnhdQ?si=FAiHYVmSIjfm43z>

Сұқбат берушінің бойынан қандай қасиеттер көрдіңіз?

(Қонақтар жауап беруге қиналып жатса, төмендегі жауаптар арқылы жетелеуге, әрқайсысының мағынасын ашқызуға болады).

- 1 Әке аманатына адалдық
- 2 Ағалық жауапкершілік
- 3 Ағалық мейірім
- 4 Ағалық қамқорлық...

**Ой қорыту сұрақтары:** (Жүргізуші 3 сұрақты үш топқа ауызша береді)

1. Кейіпкер кешегі ел ағалары сияқты ағалық үрдісте үлгі қалыптастыра алған ба?
2. Ағалық міндетін адал атқарды деуге бола ма?
3. Өзіңізге қандай өнеге алдыңыз?

**Модератор: Ағалық көзқарас - ақылды шешім» бөлімі (10 минут)**

Ал олай болатын болса, қонақ болып келген, құрметті ағалар, «**Ағалық көзқарас - ақылды шешім»** бөлімі бойынша төмендегі жағдаятты өзіміз қалай шешер едік, осы төңіректе ой бөлісіп көрсек. (үш топқа үш жағдаяттық тапсырма беріледі)

#### **1-Жағдаяттық тапсырма**

Ағасы інісінің шимай (Черновик) дәптерінен өте бейәдеп сөздердің жазылғанын көреді. Сөйтеді де ініснен ештеңе деместен, дәптердің ішіне бұл сөздерді айту, қолдану өте ұят екенін ескертіп: «Біріншіден өзінді, екіншіден



отбасымыздағы тәрбиені құрметтейтін болсаң мұндай сөздерді жазбас едің. Ендігі жерде өз қатеңді түсініп, қайталамайтыныңа сенгім келеді»,- деп дәптерді жауып қайта сөмкесіне салып қояды.

**Сұрақ:** Ағаның қандай қасиеттері басым? Сипаттап берсеңіз...

## 2-Жағдаяттық тапсырма

Інісі бұзықтық жасап, қатарласымен ұрысып қалады. Жағдайды білуге келген ағасы көпшіліктің алдында үндемейді. Інісімен жеке қалғанда: жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас, інім, ортаңнан бөлінбе, жақыныңнан жау іздеме, ертең достарыңмен татулас. Егер осыны істесең өмірің тыныш, өзің сыйлы боласың ,- дейді.

**Сұрақ:** Ағасы неге мұндай шешім қабылдады? Сіз қандай әрекет жасар едіңіз?

## 3-Жағдаяттық тапсырма

Мектепте інісі қыз балаға: «Сенің жақсы оқығаның кімге керек, бойың кішкентай сен әдемі емессің,»- деп тіл тигізеді. Қыз қарсы жауап айтып, араларында дау туындайды. Інісін сыртынан қарайлап жүрген ағасы мұны байқап қалады. Ағасы інісімен жеке қалғанда : «Бауырым, сен ел қорғайтын, аналарымыз бен қыздарымызға қамқорлық жасайтын азаматысың. Мен әлі кішкентаймын деп, әзір маған бола береді деп ойланбастан сөйлей берме.Сөзің әдетке айналады.Әдетің мінезіңе айналады. Бұл қайталанбасын, сенің мінезің қалай қалыптасса,сол мінезбен бірге өмір сүретініңді ұмытпа! Бұл ұят әдет қайталанбасын –дейді.

**Сұрақ:** Аға шешімінің артықшылығы неде? Даналық деуге бола ма?

**Модератор:** Аға мен іні арасындағы тәрбиелік байланысты сәйкестендіру (5 минут)

Сіздер берілген жағдаяттық сұрақтарға өте керемет жауап бердіңіздер. Ендігі тапсырма осы берілген сұрақтардағы әрекеттер аға мен іні арасындағы тәрбиелік байланыстың қай түріне жатады? Алдарыңызға берілген «сәйкестендіру картасын» толтырыңыздар

Ағасы інісінің шимай (Черновик) дәптерінен өте бейәдеп сөздердің жазылғанын көреді.Сөйтеді де ініснен ештеңе деместен,дәптердің ішіне бұл сөздерді айту,қолдану өте ұят екенін ескертіп.Біріншіден өзіңді , екіншіден отбасымыздағы тәрбиені құрметтейтін болсаң мұндай	<b>Қорған</b>
---	---------------

<p>сөздерді жазбас едің. Ендігі жерде мен сенің өз қатеңді түсініп, қайталамайтынына сенгім келеді, -деп дәптерді жауып қайта сөмкесіне салып қояды</p>	
<p>Інісі бұзықтық жасап, қатарласымен ұрысып қалады. Жағдайды білуге келген ағасы көпшіліктің алдында үндемейді. Інісімен жеке қалғанда: жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас, інім, ортаңнан бөлінбе, жақыныңнан жау іздеме, ертең достарыңмен татулас .Егер осыны істесең өмірің тыныш, өзің сыйлы боласың, - дейді.</p>	<p><b>Қамқорлық</b></p>
<p>Мектепте інісі қыз балаға: «Сенің жақсы оқығаның кімге керек, бойың кішкентай сен әдемі емессің,»- деп тіл тигізеді. Қыз қарсы жауап айтып, араларында дау туындайды. Інісін сыртынан қарайлап жүрген ағасы мұны байқап қалады. Ағасы інісімен жеке қалғанда : «Бауырым, сен ел қорғайтын, аналарымыз бен қыздарымызға қамқорлық жасайтын азамтысың. Мен әлі кішкентаймын деп, әзір маған бола береді деп ойланбастан сөйлей берме. Сөзің әдетке айналады. Әдетің мінезіңе айналады. Бұл қайталанбасын, сенің мінезің қалай қалыптасса, сол мінезбен бірге өмір сүретіңді ұмытпа! Бұл ұят әдет қайталанбасын –дейді.</p>	<p><b>Мейірімділік</b></p>

**Модератор:**

Адамның ағасы болса қандай керемет?! Аға деген - мақтаныш, Аға деген - қорған, Аға деген – үлгі, сондықтан да ағаларға арналған әндерде:

Өзіңе сүйенемін қандай жақсы  
Сөзіңе сүйсінемін балдай тәтті  
Ерлердің ағасы, бар жағасы бар  
Алдыңда ағаң болған

Алдыңда ағаң болған қандай жақсы,- деп бекер айтылмаған болуы керек. Ендігі кезекте сілтемедегі Бақтияр Тайлақбаев ағамыздың ағаларға арналған әніне кезек берелік.

(Ән сілтеме бойынша айтылып тұрады..Әр топқа А-4 ке өлеңнің бір шумағы мен қайырмасы беріледі.Топ өзіне берілген шумақты айтады, қайырмасында үш топ та қосылып айтады. Ұйымдастырушының еркіне қарай әннің кароке нұсқасын да қолдануға болады **5 минут**)

<https://www.youtube.com/watch?v=yuGPhQxTpV0>

### **Ағаларым!**

#### **I-топ**

Құшағы оттай ыстық Сахарадай  
Көңілі алып ұшқан шағаладай  
Алдымнан көкем ай деп шығатұғын  
Сендерді сағындым ғой  
Сендерді сағындым ғой Ағаларым!

#### **қайырмасы**

Қажымас қара нарым  
Кең байтақ даналарым  
Күнім деп еркелетер  
Аман бол Ағаларым 2 р

#### **II-топ**

Аңқылдақ айналайын ағаларым  
Сағынсам іздеп барар паналарым  
Ініңе ізіндегі қарап жур деп  
Қалдырған өздерінді  
Қалдырған өздерінді бабаларым

#### **қайырмасы**

#### **III- топ**

Өзіңе сыйынамын қандай жақсы  
Сөзіңе сүйсінемін балдай тәтті  
Ерлердің ағасы бар-жағасы бар!  
Алдыңда ағаң болған  
Алдыңда ағаң болған қандай жақсы!

#### **қайырмасы**

**Модератор:** Құрметті ағалар, сіздер мұнда көптеген сұрақтарға жауап бердіңіздер, ой бөлістіңіздер. Сұрақтарға жауап бере отырып кейбіріміздің көңілімізде өзімізге сезілмей жатқан ағалық сезімдеріміз оянған болар, мүмкін

кейбірімізге бұрын болған оқиғалар еске түсіп «Әттеген-ай, шешімі осылай бітуі керек еді ғой» деген ой келіп жатқан болар. Аға болған іні-қарындастарымызға қолымыздан келгенше көмектесіп, олардың өмірден өз орындарын табуына сеп болып, ақылымызды айта жүруіміз керек. Ақыл айту, жол көрсету оңай шаруа емес. Қазір «Ініме, қарындасыма не үйретуім керек, қалай үйретуім керек»? деген тақырыпта ойланып, жадынама жазайықшы. **(10 минут)**

I топ: Қазақ «Дені саудың жаны сау» дейді. Денсаулығын сақтау үшін іні-қарындасқа қандай кеңес берер едіңіз?

**Тапсырма:** Төмендегі материалды оқып, жадынама жазыңыз.

### **Салауатты өмір салты**

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты қимыл белсенділігі. Ол өмірлік маңызды мүшелердің және мүшелер жүйесінің қызметін жақсартады, сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру организмнің өсу мен дамуына белсенді ықпал етеді, организмнің жұмысқа қабілеттігін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға төзімділігін арттырады.

Әр түрлі аурулардың алдын алу үшін организмді үнемі шынықтыру қажет. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортадағы температураның күрт өзгеруіне бейімделеді. Шынықтыру емшараларын таңдау кезінде адамның жасы, денсаулығы, шынығуға бейімделу дәрежесі және т.б. жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Денсаулықты сақтауда уақытымен және дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Жүріп бара жатып, кітап оқып отырып, теледидар алдында тамақтануға болмайды. Майлы, тұзды, тәтті тағамдарды қабылдауды шектеген жөн, тамақты аса көп жеуге, ұйықтар алдында тамақтануға болмайды. Тағам әр түрлі сапалы, экологиялық таза болуы тиіс. Төрт мезгіл тамақтануды сақтай отырып, белгілі бір сағатта ас қабылдаған дұрыс.

Сыну, шығу, күйік, үсік, улану сияқты әр түрлі жарақатты болдырмау. Адам жарақаттарға көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтамағанда, электр құралдарын дұрыс пайдаланбағанда, улы өсімдіктер мен саңылауқұлақтарды пайдаланғанда т.б. жағдайларда душар болады.

Жеке гигиена ережелерін бұлжытпай орындау, жұқпалардан қорғану тәсілдерін білу, алдын алу екпелерін уақытымен қабылдау.

Темекі шегуден, ішімдіктен, есірткі және уытты заттардан бас тарту. Бұл зиянды әдеттер организмге әсер етіп, денсаулыққа зиян келтіреді.

Адам организмне қоршаған орта факторларының әсері туралы білім, қоршаған орта факторларының зиянды әсерінен қорғай білу денсаулықты сақтауға және түрлі ауруларды болдырмауға жәрдемдеседі.

II топ: Бүгінгі таңда қаржыны сауатты пайдалану мәселесі өте өзікті болып отыр. Осы тұрғыда іні-қарындасқа қандай кеңес берер едіңіз?

**Тапсырма:** Төмендегі материалды оқып, жадынама жазыңыз.

### **Қаржылық сауаттылық**

Қаржылық сауаттылық дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда қаржылық тәртіп, яғни өз бюджетінді басқара білу дегенді білдіреді. Қаржылық сауаттылықтың бастауы өз-өзіне есеп беруден басталады. Адам қарызға батпас үшін, барынша үнемдеп, қаржылық сауаттылығын арттыру керек.

Қаржылық сауаттылықты арттыру стратегияларына келетін болсақ, Абай атамның мынадай тамаша сөзі бар: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмағанда айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген екен он бесінші қара сөзінде. Яғни, адам кірісі мен шығысын санап, өзіне есеп беру керек. Екінші стратегиясы бір дүкендегі бағаны, басқа дүкенмен салыстырып қарау қажет. Қай жерде арзан, қай жерде қымбат деген секілді, адам қанша жерден бай болса да, бағаны бағамдап есептеген дұрыс. Бірден бір жерден, бір затты ала салмаған жөн. Үшінші кезекте қаржылық қор – адам тапқан табысының жоқ дегенде 10% жинап отыру керек. Жиі еститінім, ақшаның қайда кетіп қалғанын білмеймін деп жатады, оның барлығы осы қаржылық сауаттылыққа келіп тіреледі.

Әлі оң мен солын ажыратып үлгермеген балаға ақша берерде мұқият болған дұрыс. Ұл, қызыңыз оны үнемді пайдаланып, орынды жұмсай білу үшін, қаржылық сауаттылықты кішкентайынан бастап, қалыптастырған жөн. Бүлдіршініңізге қаражатты есепсіз берсеңіз, бұл оның ақшаға құмар болып өсуіне әкелуі мүмкін. Балаға ақшаның оңай келмейтінін түсіндіріп, 1 айлық жалақаңызды қалай жұмсайтыңызды есептеп көрсету керек. Ол кез-келген кірістің өз орнымен жұмсалуын қажет екенін білгені дұрыс. Балаға ақшаны саналы түрде беру керек. Оған түскі асына, жолына деп есепсіз қаржы беру пайдасыз. Мұндай жағдайда бала ақшаны өзі есептеп үйрене алмайды. Апта сайын, немесе айына бір мәрте табыстасаңыз өзі нені, қайда жұмсайтынын пайымдайтын болады. Сол кезде бір айға берген ақшаны, үнемдеп тиімді жұмсайтын болады. Осындай әдіспен ұл, қызыңызға қаржыны үнемдеуді үйрете аласыз.

III топ: Қазір көшеде біреумен танысқанды қойып, әлеуметтік желіде танысып, арты қиын жағдайға соқтырып жататын жағдайлар көп. Осыған орай іні-қарындасқа қауіпсіздік шараларын қалай үйретесіз?

**Тапсырма:** Төмендегі материалды оқып, жадынама жазыңыз.

### **Қауіпсіздік шаралары**

Қауіпсіздік - жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерден қорғалуы.

Қауіп тек демалыс орындарында емес, балалар алаңында, жолда немесе қоғамдық орындарда да болады. Сондықтан кей ұсыныстарды ескерген дұрыс.

- Балаға күн тиіп қалмас үшін жаздың ыстық күндері міндетті түрде бас киім кигізу керек!

- Жаз мезгілінде тамақтан уланып қалу қауіпі артатындықтан, жемістер мен көкөністердің балғын болуын қадағалап, жақсылап жуыңыз!

- Баланы бағдаршамнан өтуге үйретіп, автомобиль тигізуі мүмкін қауіп туралы түсіндіріп айтыңыз!

- Балаға ойнау алаңында өзін қалай ұстау керектігін айтыңыз. Соның ішінде, өткеншекке жанынан келу керектігін түсіндіріңіз!

- Баланы жазғы кездегі өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру керек. Ересек адамсыз от жақпауын өтініп, оның жылдам тарайтындығын айтыңыз!

- Әлеуметтік желідегі қарым-қатынас арқылы қиын жағдайларға қалып жатады.

- Үй жануарларының күтімі немесе ойнау, серуендету кезінде қауіп төніп жатады.

- Көшедегі бейтаныс адамдармен сөйлесу... Абайламаса әртүрлі жағдайлар орын алуы мүмкін.

- Уәп қабатты үйлердің терезесі де соңғы уақыттары балалар үшін өте қауіпті болып тұрғаны шындық...

**Барлық топ жазған жадынамаларын оқиды.**

**Модератор: Қорытынды сөз (5 минут)**

Ертеде бір топ шәкірті бар ғұлама өмір сүріпті. Өмір бәсекесіз бола ма, осы шәкірттерінің бірі ұстазына жауап бере алмайтын сауал қоюды армандапты. Сол үшін бірде қырға шығып, көбелек ұстап алады да, оны алақанына жасырған қалпы ұстазының алдына келеді:

- Ұстаз, айтыңызшы: менің қолымдағы тірі көбелек пе, өлі көбелек пе? Шәкірт ұстаз жауабына орай көбелекті өлтіріп не ұшырып жіберуге даяр еді. Өлі десе ұшырып, тірі десе бір сығып өлтіре салмақ. Әйтеуір, өз айтары ақиқат болып шықса болды...

Шәкіртіне назар да салмаған Ұстаз сонда былай деп жауап беріпті:

- Бәрі сенің қолыңда.

Ал құрметті, ағалар, құрметті қонақтар! Осы тәмсілді тыңдап қарасаңыздар келтірілген мысалдың арғы жағында адам көтере алмайтын салмақтың, асыл ой, үлкен қорытындының жатқанын байқайсыздар. Құрметті ағалар, сондарыңыздан ерген іні-қарындастарыңызға қамқорлық жасап, жақсыға бағыттап өсіру де сіздердің қолдарыңызда немесе кері тартып, төмен санап, бойындағы бар талабын тұншықтырып өшіру де сіздердің қолдарыңызда тұр екен. Біздің мақсат ағалар мен іні-қарындас арасындағы өнегеге толы қарым-қатынасты қалыптастыру. «Тәрбие тал бесіктен» дейді. Бесіктегі баланың жақсы азамат боп қалыптасуына үлкендердің ықпалы, демеуі, жол сілтеуі міндетті түрде қажет. Сондықтан, ағалар, дер кезінде демеу де, ықпал да

жасай алатын мүмкіндігіміз болсын. Ініні елдікке қосу, қарындасты қыдыр қоритын жақсыға қосу өз қолымызда.

**Рефлексия:** Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңіз жайлы бір екі ауыз сөзбен баяндап «**Аға жолы**» деп аталатын қойын дәптер парақшаларына сөз қалдырсаңыздар

«**Аға жолы**» қойын дәптер парақшасы

**Осы сабақтан түйгенім...**

**Менің бүгінгі ойға қосарым...**

**Менің бұл сабақтан алғаным...**

**Тақырыбы: «Жирен жаман әдеттен» тақырыбындағы сайыс сабағының сценарийі**

Шымкент қаласы, «Қосымша білім беру оқу салалық орталығы» бөлім басшысы  
Сулейменова Гулмайра Алимхановна

**Мақсаты:** Іні-қарындастарын жаман әдеттен аулақ ұстау ағалардың ісі екенін түсіндіру

**Міндеттері:**

1. Ағалық міндеттің, жауапкершіліктің мағынасын ашу.
2. Ырым-тыйымдар арқылы жаман әдеттерден аулақ болуға шақыру
3. Жеткіншектердің бойына ізгі қасиеттерді ағалардың сіңіретінін түсіндіру

**Ұлттық құндылық:**

«Бес нәрседен қашық бол...

Бес нәрсеге асық бол...» Абай.

**Күтілетін нәтиже:**

Ағалық міндетіне лайық болуға тырысады

Жақсы, жаман әдеттердің ара-жігін ажыратады

Ағалық міндетіне жауапкершілікпен қарайтын болады

«Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, қорғаны – сабыр, жолдасы – кәсіп, қорғаушысы – мінез, бәрін тәртіпке реттейтін – әдептілік»

Халық даналығы

## **Іс-шараның жүргізілу барысы:**

### **Жүргізуші:**

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, алдыңғы буын ағалар және ұстаздар!  
«Даналық мектебі» клубы бойынша «Жирен жаман әдеттен» тақырыбында өткізгелі отырған іс-шараға қош келдіңіздер!

Бүгінгі «**Жирен жаман әдеттен**» тақырыбындағы сайысымызды ашып беру үшін ортаға мектебіміздің директоры \_\_\_\_\_ шақырамыз.

### **Жүргізуші:**

Ағаларым ардақты

Мінездері салмақты,

Бұл дүниеде жан бар ма

Өздеріндей жан-жақты - дей отырып, сайысқа қатысушы ағаларымыз бен іні /қарындастарын/ сахна төріне шақырамыз... (Сайысқа қатысушылардың аты-жөндерін атай отырып, арнайы бөлінген орындарға жайғастыру)

Құрметті қонақтар, қазылар алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

- 1.
- 2.
- 3.

(Қазылар алқасының мүшелеріне бағалау парағы таратылып беріледі.)

**Жүргізуші:** Сайысымыздың шарттарымен таныстырайын:

1. «Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені» - таныстырылым кезеңі
2. «Сұрақ-жауап» сайысы
3. «Тығырықтан жол табу» сайысы – жағдаяттан шығу
4. «Біз оқыған бір кітап» сайысы. Оқыған кітабынан мағыналы түйінін анықтау, көзқарасын білдіру.
5. «Мен ініме не үйреттім?» - ағасы өз іні, қарындастарына не үйреткенін, қандай дағдылар мен іс-әрекеттерге баулығанын көрсету сәті.

Сайыс «5» баллдық жүйемен бағаланады.

Әр сайыстан кейін қазылар алқасы қолдарына берілген бағалау парағына сәйкес қорытындымен таныстырып отырады. Өткізгелі отырған іс-шара арқылы отбасылық тәрбиеде ағалардың орны ерекше екенін айтқымыз келеді. Ағалардың іні-қарындастарына көңіл бөліп, олардың өмірден өз орындарын табуына үлес қосса деген ниетіміз бар.

### **Жүргізуші:**

Ақыл-көрік бойларында жетеді,

Әлі талай сынақтардан өтеді.

Мына отырған баршаңызды өзімен,

Ағаларым таныстырып өтеді.



Алғашқы кезекті ағалар өздерін таныстыру үшін «Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені» сайысынан бастаймыз. Қатысушылар ретімен өздерін таныстырады.

Шарты: таныстырылым кезеңі 2 минут (Әр қатысушыға)

Жаңашылдығы, қазіргі өмірмен байланыстылығы, тапқырлығы, шешендігі ескеріледі.

(Еркін форматта: сұрақ-жауап, ән, өлең жолдары, бейнеролик т.б. арқылы)

### **Жүргізуші:**

Қазылар алқасы сайысымыздың алғашқы «Таныстырылым» кезеңі бойынша өз бағаларыңызды берсеңіздер.

### **Жүргізуші:**

Жастықтың оты жалындап

Жас жүректе жанған шақ.

Талаптың аты арындап

Әр қиынға салған шақ, - дегендей, жасөспірім кезеңнің алып-ұшып тұрған уақытында іні-қарындастарымызға ақыл-кеңес айту үшін өзіміз де ұлттық тәрбиедегі ұстанымдарды, ырым-тыйым сөздердің мағынасын жақсы түсінуіміз керек.

«Білім деген биік шың

Бақытқа сені жеткізер,

Білім деген ақылшың,

қиындықтан өткізер», - деп сайысымыздың келесі кезеңін халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі ғасырлар бойы қолданып келе жатқан мақал-мәтелдерін, ырым, тыйым, ұлағатты сөздерінің мән-маңызын түсіндіретін «**Сұрақ-жауап**» сайысына береміз.

**Шарты:** таныстырылым кезеңі – 2 минут (Әр қатысушыға)

Ойдың дәлдігі, өмірмен байланыстыра түсіндіруі, шешендігі ескеріледі

### **№1.**

1. «Аға болар жігіттің етек-жеңі кең келер» деген мақалды қалай түсінесіз?
2. «Құс ұясын бұзба!», "Көкті жұлма!" деген тыйым сөздерін қалай түсінесіз?

### **№2.**

1. «Ағасы ақылдының ауылы азбайды» дейді халық даналығы, соны қалай түсінесіз?
2. «Ақты төкпе», "Үйге қарай жүгірме" деген тыйым сөздерді қалай түсінесіз?

### **№3**

1. «Аға болсаң ақыл айт, ақыл айтсаң мақұл айт» деген сөзді қалай түсінесіз?
2. «Үлкеннен бұрын тамақ жеме», "Жағынды таянба" деген тыйым сөздерді түсіндіріп берсеңіз.

### **№4**

1. «Ағаның үйі – ақ жайлау» деген мақалды қалай түсінесіз?
2. «Шашыңды, тырнағыңды өсірме» деген тыйым сөзді түсіндіріп берсеңіз.

№5

1. «Халыққа аға болғанның, арқасы жауыр болар» деген мақалды қалай түсінесіз.
2. «Үлкеннің бетінен алма», "Беліңді таянба" деген тыйым сөздерді түсіндіріп берсеңіз.

№6

1. «Жалған сөз жаныңа азап әкеледі» деген ұлағатты сөзді қалай түсінесіз.
2. «Табалдырықта тұрма, табалдырықты баспа» деген тыйым сөзді қалай түсінесіз

**Жүргізуші:** Қазылар алқасы «Сұрақ-жауап» сайысы бойынша өз бағаларыңызды берсеңіздер

**Жүргізуші:**

«Ағадан ақыл, атадан нақыл, баладан мақұл болса....» дейді халық даналығы  
Қайрат етер мезгілде

Жүк көтерер нардай бол.

Ақыл айтар мезгілде

Мың жасаған шалдай бол, - деп батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, жақсы сөз жанға - жақын, құлаққа жағымды, ойға - қонымды келеді. Олай болса, келесі кезекте «**Тығырықтан жол табу**» сайысы. Жағдаяттарды шешіп, өз ойымызды айтамыз. (Әр қатысушыға жеке-жеке жағдаят беруге болады немесе барлығына бір жағдаят беріп, шешімін салыстыруға болады)

**Шарты:** Уақыты – 2 минут. (Әр қатысушыға)

Шешімнің ойға қонымдылығы, өмірмен байланыстыруы, тапқырлығы, шешендігі ескеріледі

I - жағдаяттан шығу

Жағдаят	Аға ретінде өзіңізді қалай ұстар едіңіз?
<p>Ержан сыныптың үздігі, сабақты жақсы оқиды. Оған қызғанышпен қараған сыныптастары бойының аласалығын бетіне басып, "қортық" деп келемеждеді. Ызаланған Ержанның боқтау сөздері төбелеске ұласып, сыныптастар бір-бірін ұра бастады. Ержанды іздеп келген</p>	

өзінен үлкен ағасы байқап қалып, "ініме тиіскенді көрсетейін" деп бірекеуін соққыға жықты.	
--	--

## II - жағдаяттан шығу

Жағдаят	Сіз ағасы болсаңыз не істер едіңіз?
Сара мен Айдын бұрыннан дос еді. Сара жаңа телефон алған соң, мүлдем телефоны болмаған досына өз телефонын берді. Бірақ, мұны біліп қойған ағасы телефонды жай бере салғаны үшін Сараны сөге бастады. Әкесі жоқ, анасы, төрт бауырымен бірге тұратын Айдынның жағдайын айтса да, ағасы телефонның 11 мыңға сатылатынын, болмаса телефонды кері қайтарып, алып келуін талап етті. Айдынның анасы көршісінен қарыз сұрап, телефонның ақшасын беріп жіберді.	

## III - жағдаяттан шығу

Жағдаят	Сіз ағасы болсаңыз не істер едіңіз?
Соңғы кезде Насихат бой жеттім деді ме, өзгере бастады. Ол үйінің екінші перзенті, мінезі тұйық, тек бір ғана құрбысы бар, қалған сыныптастарынан өзін алыс ұстайды. Онысы тіл табыса алмағаны ма, әлде менсінбей жүргені ме, белгісіз. Мектепке форма емес, ерекше үлгідегі киімдерді киіп, бет-аузын әрлеп, шашын бояп келетінді шығарды. Үлгерімі нашарлап, сабақтан көп қалатын болды. Қарындасының осы әрекетін байқап жүрген ағасы қанша рет айтып, тыңдамаған Насихатты шапалақпен осып жіберді.	

IV - жағдаяттан шығу

Жағдаят	Сіз ағасы болсаңыз не істер едіңіз?
<p>Ата-анасы (әкесі мен шешесі) темекі шегіп, бұрқыратып отыр. Бұл күнделікті әдетке айналған. Есейіп қалған баласы:</p> <p>- Әке! Анашым! Досыма жолығып келейінші, - деді.</p> <p>Анасы: - Бара ғой!</p> <p>Әкесі: - Сен досыңа барғанша, мынаның дәмін көрсейші! Сен де ержетіп қалдың! Баласы:</p> <p>- Жоқ, әке, темекі бала түгілі, үлкенге де зиян! Оның құрамында улы никотин бар. Одан өкпеде қабыну процесі пайда болады. Астма, пневмония, жүрек-қан тамырларының ауруы өршиді. Оны бізге апай айтты, - дейді. Інісінің айтып жатқан әңгімесін естіп келген ағасы:</p> <p>- Е-е, қойшы, апайың айта береді, қазір темекіні барлық жерде сатады, ойын-сауық орындарында тұтынады. Зиян болса неге сатады, - деді.</p>	

V - жағдаяттан шығу

Жағдаят	Сіз ағасы болсаңыз не істер едіңіз?
<p>Екі оқушы сабақтан қалғандары үшін анықтама алуға дәрігерге келді. Кезек күтіп тұрғандар саны көп екен. Балалардың артынан кезекке қария ата келіп тұрды. Күн ыстық, оның үстіне кезек жылжымай ұзақ күтіп қалды. Кезекте тұрғандар атаның қиналғанын көріп, дәрігерге өткізіп жіберуін сұрады. Балалар естімеген сыңай танытты.</p>	

<p>- Е-е, жаттығуға кешігіп қаламыз гой. Бізге кешігуге болмайды. Кезегімізді бере алмаймыз. Ата: - Қарақтарымды жаттығу алаңы шаршатқан екен. Мен күте тұрайын, қайда асығып барамын. Осындай жағдайда не дер едіңіз?</p>	
--	--

## VI - жағдаяттан шығу

<b>Жағдаят</b>	<b>Сіз ағасы болсаңыз не істер едіңіз?</b>
<p>Асқар күні-түні компьютермен түрлі ойындар ойнап уақытын өткізеді. Солай жүріп қалай құмар ойындарға тәуелді бола бастағанын сезбей де қалды. Ойыннан ұтылған күндері темекі, сосын ішімдікке әуестене бастады. Мінезі дөрекіленіп, ешкіммен араласпай, күннен күнге ақша сұрауы да жиілеп кетті. Қалай көмектесуге болады?</p>	

### **Жүргізуші:**

Қазылар алқасы «Тығырықтан жол табу» сайысы бойынша өз бағаларыңызды берсеңіздер

### **Жүргізуші:**

Құлақтан кіріп, бойды алар,  
Жақсы әнмен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең менше сүй.  
Әннің де естісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлағын кесері бар.  
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.- дегендей, ағаларымыз келесі сайысқа дайындалғанша тамаша әнді тарту етеміз қабыл алыңыздар.  
(Оқушы немесе мұғалім аға туралы ән орындайды)

**А. Дүйсеновтің әні "Жан аға"**

### **Жүргізуші:**

Ағасы бар бақытты,  
Өткізер бірге уақытты.  
Ақылын естіп күн сайын,

Бойына жияды жақұтты.

«Арманы бір, үні бір,

Аға ардақты, іні гүл» дей келе, келесі кезекте **«Біз оқыған бір кітап»** білім сайысы

**Сайыстың шарты: Уақыты – әр жұпқа 2 минут.** Сайысқа ағасы мен інісі /қарындасы/ бірге қатысады. Өздері оқыған бір кітап туралы **түйінін айтады, көзқарасын білдіреді, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді.**

**Жүргізуші:**

Ал қазылар алқасы "Кітап - алтын сандық, іші толған қазына, құт. Оқы, оқы, ойыңа тұт" дегендей, **«Біз оқыған бір кітап»** атты білім сайысы бойынша өз бағаларыңызды берсеңіздер

Ағам менің Алатаудай айбыным,  
Ағам менің самғап ұшар сұңқарым,  
Ағам менің қайтпас қайсар ұраным,  
Ағам менің желдей жүйрік тұлпарым!

Саған менің көзімменен қараса  
Сөзімменен алмайды ешкім таласа  
Сен биіксің аға сенің қасыңда  
Алатауда, Қаратауда аласа.  
Маған сендей ешкім құлақ аспайды  
Күннің өзі нұрын сендей шашпайды.  
Керек десең аға сенің қасыңда  
Төрт мұхит та тобығыңнан аспайды.

**Құрметті, ағалар,** сіздердің өнерлеріңізді көріп тәнті болып отырмыз. Осындай мықты, өнерлі жігіттер іні-қарындастарының да өнерлі, мықты болып өсуіне үлес қосады деп сенеміз. Келесі кезекте **«Мен ініме-қарындасыма не үйреттім?»** сайысы. Ағасы өз іні, қарындастарына не үйреткенін, қандай дағдылар мен іс-әрекеттерге баулығанын көрсету сәті /презентациялық таныстырылым, бейнероликтер арқылы/ (Бағыт беру үшін шартты түрде төмендегідей мысалдар келтіріп қойдық. Оны мектептің ерекшелігіне қарай өзгертуге болады. Мысалы: ауылдық жерде тұратын ағалар інілеріне жүйрік баптаудың, камшы өру, ағаштан ою ойып, темірден түйін тую, көкпар тартудың, бау-бақша өсіру, мал күтімінің қыр-сырын үйретуі мүмкін)

- Інімнің, қарындасымның өнерлі /әнші,көркемсөз шебері, актерлік шеберлік, ағаш шебері, спорт, зергерлік, сурет салу/ болып өсуіне үлес қостым.
- Жасанды интеллекттің қыр-сырын /бағдарламалауды/ үйреттім.
- Қаржылық сауаттылыққа үйреттім.
- Әлеуметтік желіні қауіпсіз пайдаланудың жолдарын көрсеттім.

Шарты: **Уақыты – 2 минут.** (Әр қатысушыға)

Ағалар не үйреткенін санамалап айтып шығады. Іні-қарындастары жүргізушінің қасына барып, интерактивті тақтаға ағаларының не үйреткенін жаздыртады. Кейін ағалардың айтқанымен іні-қарындастарының жаздырғанын сәйкестендіреді. Сәйкес келген әр тармаққа бір балл есептеледі.

**Жүргізуші:**

Мінекей, бүгінгі сайыс та өз мәресіне жеткендей, біздің жастарға, алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілерге амандық, сәттілік, мұқалмайтын күш-қуат тілей отырып:

Өзіңе сыйынамын қандай жақсы

Сөзіңе сүйсінемін балдай тәтті

Ерлердің ағасы бар - жағасы бар!

Алдыңда ағаң болған қандай жақсы!, - дегіміз келеді... Сөз кезегі қазылар алқасында.

Қазылар алқасы қорытындылап, белгілеген орындарды жариялайды

**Жүргізуші:**

Жаныма жалау жан інім,

Қыран боп көкте самғарсың,

Атадан қалған салтыңды,

Азамат болып сақтарсың.

Ар-ұят болып жолдасың,

Алғыстан алқа таққайсың.

Егемен болған еңселі,

Еліңнің отын жаққайсың, - деп сайысқа қатысқан ағаларымыздың артынан ерген іні /қарындастарына/ баталы тілегін білдіре отырып,

бүгінгі «Жирен жаман әдеттен» атты сайысымыз өз мәресіне жетті. Бүгінгі іс-шарадан көрген, білген, түйгендеріңді іні-қарындастарымызға айтып, олардың жаман қылықтан сақ болуына көңіл бөліп жүрейік... Келесі кездескенше сау болыңыздар!!!

**Бағалау парағы**

<b>1. «Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені» - таныстырылым кезеңі</b>						
№	Аты-жөні	Жаңашылдығы	өмірмен байланысы	тапқырлығы	шешендігі	Қорытынды
1						
2						
3						
4						
5						
<b>2. «Сұрақ-жауап» сайысы</b>						
1						

2						
3						
4						
5						
<b>3. «Тығырықтан жол табу» сайысы.</b>						
1						
2						
3						
4						
5						
<b>4. «Біз оқыған бір кітап» білім сайысы</b>						
1						
2						
3						
4						
5						
<b>5. «Мен ініме-қарындасыма не үйреттім?» сайысы</b>						
1						
2						
3						
4						
5						

**«Даналық мектебі» клубы бойынша «ЖЕҢГЕ МІНЕЗІМЕН КӨРКЕМ»  
тақырыбындағы воркшоптың (workshop) сценарийі**

Орал қаласы,  
А. Байтұрсынов ат. №10 ЖББОМ,  
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі  
Рамазанова Қарашаш Сагидуллаевна

**Мақсаты:** Отбасындағы татулыққа жеңгелердің де үлесі барын түсіндіру

**Міндеттері:**

1. Отбасындағылармен тіл табысудың құпиясы;
2. Жеңгелік міндет пен жауапкершіліктің салмағы;
3. Қайыніні, қайынсіңлілеріне жеңгелік ақылын айтып жүруді дағдыға айналдыру.



## Ұлттық құндылықтар: Еңбексүйгіштік пен кәсібилік

### Күтілетін нәтиже:

Отбасылық татулықтың маңыздылығын түсінеді  
Жеңгенің отбасылық тәрбиедегі орнын анықтайды  
Қайыніні, қайынсіңлілеріне қамқорлық жасайды

### I. Ұйымдастыру бөлімі (10 мин).

#### Модератор:

Жаныма жаны жақын ағадан да,  
Сырды ұғар қабағымнан қарағанда.  
Әзілдеп, ақтарылып, еркелетіп,  
Сендердей ешкім мені бағалар ма?!, -  
деп Фариза апамыз айтқандай, бір-бір үйдің отын тұтатып отырған аяулы жеңгелер, қош келдіңіздер! **Жеңеше** – ағаның сүйіп қосылған жары, қайыніні мен қайынсіңлінің сырласы. Бағы заманнан бері қыз бен ұлдың тәрбиесінде жеңгенің рөлі ерекше. Анаң ақылшың болса, жеңгең жақын тұтар сырласың, - деген сөз бекер айтылмаса керек. Бүгін біз отбасылық тәрбиедегі жеңгенің рөлі мәселесінде өздеріңізбен ой бөліскіміз келіп отыр. Өйткені қыз бен ұл анасына айтуға қаймығатын сырды жеңгесіне бүкпесіз ақтара алады. Ал анасы өз перзенттеріне айта алмаған дүниені жеңгесі арқылы жеткізе алады. Жеңгенің ақылына құлақ асқан қыз бен ұл қателіктен қашық жүреді. Олай болса, осы тақырыпқа арналған бүгінгі шарамызды бастайық.



Жүргізуші «Менің қалауым» әдісімен жеңгелерді үш топқа бөліп алады. Әдістің жүргізілуі: Айталық 12 адамды 4-тен 3 топқа бөлетін болсақ, бір адам ортаға шығып жанына екінші адамды, ол үшінші адамды, ол төртінші адамды, ол бесінші адамды шақырады. Бесінші адам қалып, алдыңғы төртеуі бір топ болып, орындарына жайғасады. Осылайша 12 адам біткенше жалғасады. (Жалпы жүргізушілер өздеріне ұнайтын әдісті қолдана алады).

#### Ой қозғау:

2. Қазақта келіннің, яғни жеңгенің міндеттері деген ұғым, жазылмаған заң бар. Сонда жеңге не істеуі керек, қандай міндеттері бар деп ойлайсыз? (Әр топтан бір жеңгеден сөйлету)

### II. Негізгі бөлігі (40 мин).

**Модератор:** Қазақтар ежелден балаларын қоғам болып тәрбиелеген. Оған «Ұлға 30 үйден, қызға 40 үйден тыйым» деген мәтелдің өзі дәлел. Бірақ өзгеріп жатқан өмірде, әсіресе жаһандану дәуірінде жоғалтқанымыз көп. Соның бірі осы жеңгелер институты екені анық. Кейде «осы жеңгелеріміз міндетін толық атқарып жүр ме» деген ой келеді. Соған орай сіздерге бір тапсырма бергім келіп тұр.

**1 – тапсырма. «Сіз қандай жеңгесіз?» 10 минут.**

Тербелсе әр отаудың ақ құндағы,

Өздерің береке мен бақ құндағы.

Сендер ме деп қараймын қасиетті

Даламның киесіндей аққулары, - дей келіп, сіздерге төмендегі жағдаятты шешуді ұсынамын.

**Жағдаят.** Дың етіп телефоныңызға күйеуіңіздің інісінен хабарлама келді: «Мен келе жатырмын, жеңеше, пойыздан түстім, қазір жарты сағатта үйде болам, сендерді сағынып келе жатырмын. Шаршамасаң шайыңды қоя бер, болмаса таңертең ішермін». Сағатқа қарасаңыз, 23.55. О. тоба, сонда 24.30-да келмекші. Ертең жұмыс, не істейсіз? (Әр топ ақылдаса отырып, өз ойларын жазып, бір адам таныстырады)

1 – топ... өз ойларын айтады.

2 – топ... бірінші топқа кері байланыс беріп, өз ойларын айтады.

3 – топ... екінші топқа кері байланыс беріп, өз ойларын айтады.

1 – топ... үшінші топқа кері байланыс береді.

Жығылсам, дем берерім,

Ауылда, елде менің

тілейтін тілеуімді

Қашанда сендер едің,

Аяулы жеңгелерім! – дей келе, мына бейнероликті көруге шақырамын.

Бейнеролик көрсету: **Қайынінім келе жатқанда...**

<https://www.instagram.com/reel/C82ft2eItI2/>

**Бейнероликті қорытындылау:**

Алыстан келе жатқан қайыніні-қайынсіңлілерімізді осылай қарсы алсақ, қандай керемет, солай емес пе?! - дей келіп... (Әр топтан бір-екі жеңгеден сөйлету).

**2 – тапсырма.** [https://www.instagram.com/rauana\\_orazalina/reel/C7d4OwzthOo/](https://www.instagram.com/rauana_orazalina/reel/C7d4OwzthOo/) бейнероликті көріп, талқылау. «Қос баған» кестесін толтырады. **10 минут**

**1 – топ: Жағдай неге ушықты? Кім көбірек артық сөйледі?**

Себептер	Артық сөздер
1.	
2.	
3.	

## 2 – топ: Екеуінің қай қылығын ақтар едіңіз?

Ақтайтын қылықтары	Неге ақтайсыз?
1.	
2.	
3.	

## 3 – топ: Екеуін қалай татуластыруға болады?

Әрекетіңіз	Дәлеліңіз
1.	
2.	
3.	

**Кері байланыс:** Қалай ойлайсыз, осындай роликтер түсіру арқылы жеңге мен қайынсіңлі арасындағы татулықты қалпына келтіруге бола ма? (Әр топтан бір адамды сөйлету)

**3 – тапсырма. (10 минут)** Бердібек Соқпақбаев. Балалық шаққа саяхат. Менің өнерлі жеңгем.



**1-топ:** Әлиман маған өз шешемдей қалтқысыз мейірбан еді. Бір үйге қыдырып барса, жетектеп ертіп алады. Дастарханға қолым еркін жететін жерге, өзінің қасына отырғызады... Кәдімгі ақ киізді сырып, ол маған әрі жеңіл, әрі жылы тамаша пима істеп бергені есімде. Аяқта бар-жоғы білінбейді, жұп-жұмсақ.

**2-топ:** Жоқты бар етіп, ұқсата білетін алтын саусақ әйелдер болады ғой, Әлиман жеңгем соның нақ өзі еді. Ас жоқта түтін түтетіп ас пісіреді. Киім жоқта бұрын іске аспай жатқан бірдеңелерді жаңартып, киім жасап береді. Ол келді де, біздің үйде бұрын болмаған береке, тазалық орнады.

**3-топ:** Әлиман жеңгем аз сөйлейтін, дауыс көтеруді білмейтін. Ақылға да, мінезге де бай адам еді. Басындағы жаулығы қашан көрсеңіз де, ақ шаңқандай аппақ... Тап-тұйнақтай әдемі келіннен именіп, әкем енді таңертеңгі шайға ауы мен бауы салбыраған дабы дамбалмен келіп отыруды және қойды.

**Талқылау сұрақтары:** (Сұрақтарды өзгертуге болады. Бір топқа 1 немесе 2 сұрақ беріп, қазіргі жеңгелердің образын ашуға, жеңгелік-келіндік міндеттеріне адал болуға шақыру керек. Немесе төмендегідей сұрақтар беріп, аудиториямен талқылауға болады).



4. Әлиман қандай жеңге?
5. Әлимандай жеңгеңіз болғанын қалайсыз ба? Неге?
6. Өзіңіз Әлимандай жеңге болғыңыз келе ме? Неге?
7. Бұрынғы жеңгелер мен қазіргі жеңгелердің айырмашылығы бар ма? Қандай?
8. Қазіргі жеңгенің отбасындағы, тәрбиедегі орны қандай болу керек?
9. Әлиманды бүгінгі жеңгелерге үлгі етуге бола ма?
10. Әлиман осы уақытта өмір сүрсе, қандай жеңге болар еді?

**4 – тапсырма. (10 минут) Егер блогер болсаңыз... Неге блогер болмасқа?! Егер блогер болсаңыз «Жеңге мінезімен көркем» тақырыбындағы жұмысты неден, қалай бастар едіңіз? Әлеуметтік желіні, интернетті пайдалануға болады. Топтар берілген тапсырманы ақылдаса отырып орындайды, бір адам таныстырады.**

**1-топ.** Елге 3 жеңгені үлгі етуіңіз керек. Кімдерді үлгі етер едіңіз?

№	Аты-жөні	Неге?
1		
2		
3		

**2-топ.** Танымал 3 адамнан сұқбат алу керек болса, кімдерден алар едіңіз?

№	Аты-жөні	Неге?
1		
2		
3		

**3-топ.** Алғаш көтеретін үш маңызды мәселе...

№	Мәселелер	неге
1		
2		
3		

**Талқылау:** «Жеңгелер клубын» ашып, блогер болғыңыз келмей ме?

**Рефлексия:**

1. Не білдім?
2. Қандай сезімде болдым?
3. Тағы не білгім келеді?



**Қорытынды**

Нұрланып қабағыңмен дала күні,  
Өседі өздеріңмен аға құны.  
Сендердің ақылыңсыз ағалардың  
Жетіспей қалатындай даналығы!

дей келе бүгінгі іс-шарамызды Бексұлтан Болаттың орындауындағы «Жеңгем» әнімен аяқтасақ... Қазақтың әрбір шаңырағында осындай татулық болсын. Сіздерді қайыніні, қайынсіңлілеріңіз осылай құрмет тұтсын.

<https://www.youtube.com/watch?v=ZHsPSIRgXGo>

**Сабақтың соңы**

(Өлең жолдары Фариза Оңғарсынованың шығармасынан, суреттер әлеуметтік желілерден алынды).

**Отбасы құндылығы: Жеңгелерге жеті кеңес тақырыбына жазылған сценарий**

Батыс Қазақстан облысы, Бөкейорда ауданы, М-С Бабажанов атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Кубиева Амангул Тлековна

**Мақсаты:** Отбасылық тәрбиедегі жеңгенің орнын анықтау

**Міндеттері:**

Отбасылық тәрбиенің үздік үлгілерімен таныстыру;  
Жеңгемен сырласудың, сыйласудың астарын ашу;



Қайыніні, қайынсіңлілеріне білгенін үйретуді дағдыға айналдыру;

**Ұлттық құндылықтар:** Адалдық және жауапкершілік;

**Күтілетін нәтиже:**

Дәстүрлі тәрбиені қазіргі тәрбиемен байланыстыра алады

Отбасылық тәрбиедегі жеңгелік орнын түсінеді

Отбасындағыларға қамқорлық жасайды;

**I. Ұйымдастыру бөлімі (10 мин).** Мектеп ішінде жеңге туралы әуен ойналып тұрады. Ұйымдастырушылар келген қонақтарды (жеңгелерді) күтіп алып, алқалы жиын өтетін жерге алып барып, орналастырады. Іс-шара өтетін жерде бүгінгі таңда жеңгелердің қоғамдағы, отбасындағы орны, қызметі туралы айтылып жатқаны дұрыс. Ерте келген қонақтар аз да болса ақпарат алады. Бұл шараны тым ресми қылмай, мектеп әкімшілігі рұқсат етсе, шай іше отырып та өткізуге мүмкіндік бар. Онда «Шай үстіндегі әңгіме» болады. Сырттан келген жеңгелердің бірден әңгімеге араласып кете алмайтыны белгілі, сол себепті мектепте істейтін мұғалім жеңгелердің дайындықпен келгені дұрыс болар еді.

**Модератор:**

Мен үшін тосуға әзір желге демін


Ең жақын жандарым бар елде менің...

Жайрандап, жарқылдасып жүрсіндер ме,

Аяулы қайран менің жеңгелерім?!

Қадірлі де қадірменді, жеңгелер! Бүгін өткізгелі отырған «Отбасы құндылығы: Жеңгелерге жеті кеңес» тақырыбындағы іс-шарамызға қош келдіңіздер! Жаһандану заманында жеңгенің отбасындағы, тәрбиедегі орнымен қатар «Жеңеше» деген атауының өзі жойылып бара жатқандай көрінеді. «Менің аппақ жеңешем» деп еміреніп тұратын қайынінілер мен қайынсіңлілердің де қатары азайып бара жатқандай... Неге? Бүгін бәріміз алқалы жиында (дөңгелек үстел) бас қосып, осы мәселені талқылайықшы.

**1-спикер:** Жақында интернеттен мынадай бір ақпарат оқыдым, авторы Сая Қасымбек. «Бала күнімізде ауылға түскен келін – күллі бала-шағаға «жеңеше» боп шыға келетін. Руы, туыстығы ешкімді қызықтырмайды. «Жеңеше» – бітті!.. «Ақбас көкенің үйіндегі жеңешем босаныпты!» - деп, тайлы-таяғымызға дейін қалмай, ауыл-үйді түгел шарлай сүйінші сұрайтынбыз. Шапқылауымызға дүмпу болып тұрған – жеңгелердің бөліп-жармастан бәрімізге бірдей қарауында жатыр. Осы кездері ойлап қарасам, сол – «жеңеше» деп жүрегіміз үзіле сыйлаған жеңгелеріміз үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ауылдас қана екен». Сонда **жасы кішілердің зор махабатына**



**бөлену үшін оларды бөліп жармай, бәрін бірдей жақсы көруіміз керек** екен ғой. Қазір біз бүкіл ауыл демей-ақ қояйықшы, өзіміз келін боп түскен үйдегі, әулеттегі күйеуіміздің жасы кіші іні-қарындастарын жақсы көре алып жүрміз бе? (Осы арада модератор осы мәселеге қатысты 2-3 жеңгені сөзге тартса...)

**2-спикер:** Мен жеңгемен қайынсіңлі-қайыніні арасындағы сырласу туралы айтқым келіп отыр. Сырласу үшін адамға сыйластық керек. Отбасындағы, әулеттегі сыйластық неден басталады? (жауап беретіндер болса айтқызу керек) Ал сырласуға келсек, мұны - жеңге мен қайыніні-қайынсіңлі арасындағы сыйластықтың шыңы деуге болатын шығар. Бозбала, бойжеткен шақтағы ұл мен қыздың тәрбиесі үшін оның ықпалы ерекше. «Анаң - ақылшың, жеңгең – сырласың» деген сөз бекер айтылмаған. Анасына айта алмаған ішкі сырын жеңгемен бөлісіп, оның ақыл-кеңесін тыңдаған бозбала әсіресе бойжеткен қапелімде шалыс баса қоймайды. Қазақтың даналығы шығар, үйге келін түскеннен бастап қыз баланың тәрбиесін жеңгесінің мойнына жүктейді. Ақан серінің «Балқадиша» әнінде

Бір түгіл, екі жеңге келіп отыр,

Рұқсат бізден сізге бар, Қадиша...

деген жолдар бұл сөзімізге толық дәлел. Қазір заман басқа, жеңге сауық кештеріне еріп бармаса да, оңашада қыздар арасындағы тақырыпта



әңгімелесе, олар үшін жан сырын жасқанбай айтатын сырласына айналса... от басып қалатын қыздар азаяр еді. Ондай кезде жеңге сырға берік болуы керек. Оны да есте ұстаған абзал. **Сыр сақтай білу үлкен өнер.** Сонда қыздар психологтерге, коучтерге жүгірмей, жеңгесіне жүгінер еді.

**Модератор:** Ал сіз жеңге ретінде қайынсіңліңізбен сырласасыз ба? Қандай тақырыпта? (1-2 жеңгені сөйлету)

**3-спикер:** Жаңа әріптесім сырласу туралы өте жақсы айтты, сол кезде сыйластық мәселесі де сөз болды. Қазір өткеннің бәрін мансұқтап, жаңаша өмір сүреміз дейтіндер көп. Жеңге мен қайыніні-қайынсіңлі қарым-қатынасына келсек, «атын атағанда тұрған не бар» демей, байырғы «Ат тергеу» дәстүріне оралуымыз керек деп ойлаймын. Атын атамай, еркелетіп атаудың адамның тұла бойын жылытып жіберетінін ұмытпағанымыз абзал. Фариза апамыздың:

Сендерге қатыстыдай жан арманым,

Тапсам деп көңілімді аландадың.

«Көзжақсым», «Еркемдерді» талғап, таңдап

Жарыса ат қоюшы ең маған бәрің. –

дегені бар емес пе? Олай болса: Жаңа түскен келін күйеуінің інілерін атымен атамай «Еркебала», «Сылқым жігіт», ал қарындастарын «Ерке қыз», «Айнакөз» деп іш тартып тұрса, олар да «Жеңеше» деп майыса қалмай ма?! Үйге «келін түсті» деп қуанған әулеттің, үлкеннің де, кішінің де көңілін қалдырмауға тырысу керек, т.б. Сонда өзі иіліп тұрған келінді, бәрін жақын көріп, іш тартып тұрған жеңгені ешкім ренжітпеуге тырысады. Сыйластық

деген – осы. Отбасындағы татулық осыдан басталады. **Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор болсақ**, келінге, жеңгеге деген құрмет те арта түседі. Осы орайда алдарыңызда жатқан №1 үлестірге қағазды жұп болып толтырайықшы.

№1 үлестірме

### Ат тергеу

Күйеуіңіздің туыстары	Қалай атар едіңіз
Қайынағаңыз	
Қайынапаңыз	
Қайынініңіз	
Қайынсіңліңіз	

**4-спикер:** Иә, «кішіге қамқор» демекші, Қайыніні, қайынсіңліге ақыл-кеңесінді айтып жүруді дағдыға айналдыру керек. Ондай мысалды жүздеп, мыңдап келтіруге болады ғой. Көпшілігіміз көрген шығармыз, бұрынғы, ескі фильм болса да, жеңге мен қайыніні арасындағы сыйластық пен сырластықты «Гауһартас» фильмінен көруге болады. Мысал ретінде үзінді көрсек... [https://www.youtube.com/watch?v=yAAU\\_Y3Gn54](https://www.youtube.com/watch?v=yAAU_Y3Gn54) 44.00-45.05. Осы үзіндіден қандай қорытынды жасауға болады? (Жеңгелерді сөйлету керек) Жеңгесі қайыніні, қайынсіңлі бойындағы дарынын, қабілетін бір сөзбен айтқанда **жақсы қасиеттерін жазбай танып, шама шарқы жеткенше ақыл-кеңесін айтып, болашағына жол сілтеп отыруы керек** деп ойлаймын. Түсіне білген адамға бұл – үлкен қамқорлық.



Ал сіз қайыніні-қайынсіңлілеріңіздің қандай дарыны барын білесіз бе? Енді №2 үлестірмені жұбымызбен ақылдаса отырып толтырайықшы.

№2 үлестірме

Күйеуіңіздің туысы	Қандай дарыны бар?	Қандай үйірге апарар едіңіз?
Қайынініңіз		



(Қатысушыларды сөйлету)

**5-спикер:** Бүгін енді жеңгенің отбасындағы орны туралы салмақты әңгімелер айтылып жатыр. Отбасы болған соң сыйластық та, сырластық та, татулық та бәрі керек. Орнымен болған әзіл оның бәрін одан ары бекіте түседі деп ойлаймын. Жеңгесі мен қайыніні-қайынсіңлісі арасындағы әдемі әзілге жететін ештеңе жоқ. Қадыр ағамыздың әжесімен қалжыңдасатын ағасы туралы жазғаны бар емес пе...

Тірлік пе жүре беру құр санатта?!

Жылға азық құрсаң күндер,

Құрсаң апта.

Әжеміз бір жасайтын

Қайнысымен

Сөйлескен,

Әзілдескен бір сағатта.

Өткізіп күзді де аман,

Қысты да аман,

Қазірде сәл қиындай түсті ғалам.

Қайнысы

Ә дегенде өте шыққан

Өзінің жастығындай ыстық оған!

Әлеуметтік желіде жүрген мына бір әзілге көңіл бөлейікші.

<https://www.youtube.com/watch?v=RBRbpIJwwAo>

немесе

[https://www.youtube.com/watch?v=xhh\\_8M4Zolw](https://www.youtube.com/watch?v=xhh_8M4Zolw).

Жұлдызай мен Әлидің мұндай әзілдері көп екенін білесіздер. Осы роликті көре отырып, әзілдесе білгеннің де үлкен өнер екеніне көз жеткізіп отырмыз. Сондықтан орайы келгенде әзілдесіп жүрген дұрыс. **Қайыніні-қайынсіңлі әзілдесуді білмесе, оның да қыр-сырын түсіндіріп, үйретіп қою керек** шығар.

**Модератор:** Сіздермен қайыніні-қайынсіңлілеріңіз әзілдесе ме? Бір мысал келтірсеңіз... (Ойлануға уақыт беру. 1-2 қатысушыны сөйлету)

**6-спикер:** Жеңге аспаннан салбырап түсетін жан емес. Ол кешегі қыз. Жасы жеткенде, біреуге жеңге, біреуге келін болуға жараймын деп, бұлғақтаған қыз күнін келіншек болуға айырбастап келеді. Осы кезде енесімен, атасымен, күйеуінің аға-әпкелері, іні-қарындастарымен жағымды қарым-қатынас орнатып, сыйластықта тұруы керегін түсінуі керек. Тіпті отауы бөлек болғанның өзінде олармен жиі араласып тұрғаны абзал. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Үйдегі қайынсіңлісі жеңгенің осындай әдептілігін, ибалығын көрсе, өзі де келін, жеңге болғанда, үйренгенін істейді. Шіркін осыны өмір салтымызға енгізіп жіберсек, баяғы бабаларымыздан келе жатқан дәстүрді жалғап, кейінгі буынға мирас етер едік. Бүгінгі күні осы дәстүрімізден айырылып бара жатқанымыз қиын-ақ. Ене мен келін, жеңге мен қайынсіңлі арасындағы келіспеушіліктер жиі көрініс береді. Осыған ене де,

келін-жеңге де мүдделі болса, **Қыз – Келін – Жеңге – Ана – Ене деген тіршілік тізбегін ұмытпаса** деймін. Сонда әрбір әулетте татулық, сыйластық салтанат құрар еді. Мына бір роликке назар аударайықшы.  
<https://www.instagram.com/reel/C8AE1-UtteW/?igsh=ZnZhZzY1a2gwOXlq>

Осыған кім не айтады? **Отбасындағы татулықты сақтауға** осылай үлес қосуға болар ма еді?

**7-спикер:** Ұлт ретінде жойылып кетпеу үшін біз ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай сақтауымыз



керек. Ол біздің қазақы болмысымызды көрсететін тіліміз, дәстүріміз, әдебиет пен өнеріміз, бір сөзбен айтқанда рухани мұрамыз. Ғасырлар бойы атадан балаға мирас боп келе ізгілік қағидаттары. Осындай құндылықтардың отбасында сақталуына жеңгелер аз да болса үлес қосуы керек. Әлдин ұйықтатқанда қазақша «Бесік жырын» айтса, үйде кішкентай балалар

болса, оларға кешкісін қазақ ертегілерін оқып берсе, домбыра тартуды үйретсе немесе домбыра үйірмесіне қатыстырса... қандай жақсы?! Кейде кішкентай нәрсе деп мән бермей жатамыз, алайда жұма күні бауырсақ пісіріп, аруақтарға құран оқытуды әдетке айналдырсақ, аптасына ең болмағанда бір күнді ұлттық асымыз етке арнасақ, т.б. (қазір «бешбармақ» деп жүрміз ғой) отбасында ұлттық тағамдарға деген құрмет қалыптаспай ма?! Тәрбие деген тек моральдық әңгімелер айту емес, кейде осылай әрекет арқылы да бойға, санаға сіңіп жатады. **Сондықтан жеңгелер де өз кезегінде ұлттық құндылықтардың сақталуына назар аударса деген тілегім бар.** Сонда біз әлемдік өркениетке өз үлесімізді қосып, ұлттық болмысымызды, қалпымызды сақтап қаламыз.

1. Жеңгелерден қандай ертегі, аңыз-әңгіме білетінін сұрау
2. Хормен «Бесік жырын» айту.

Қатысушыларға **№3 үлестірмені** тарату

<https://www.youtube.com/watch?v=u6mP0LAcOxs>

№3 үлестірме ән мәтіні

### **Кішкентай жүрегім**

**Медет Демежан**

Жаным-ау, күнім-ау, әр сенің қылығың,  
Жалғайды мендегі көңілдің сынығын.  
Сен барда жанымда еркетай құлыным,  
Бақытты ананың, ананың бірімін.

Кішкентай жүрегім, тәттісің, білемін.  
Бір тілек тілесем өзіңе тіледім.  
Аман бол, аман бол кішкентай жүрегім.


Көзіңнен көремін тағдырдың тынығын,

Өзінсің себебі байлығым ғұмырым.  
Сен барда жанымда еркетай құлыным  
Сарқылмас аналық, аналық жылуым.

Кішкентай жүрегім, тәттісің, білемін.  
Бір тілек тілесем өзіңе тіледім.  
Аман бол, аман бол кішкентай жүрегім.

Кішкентай жүрегім, тәттісін, білемін  
Әрқашан адалдық болсыншы тірегің.  
Сол менің, ол менің аналық тілегім.

**Модератор:** Құрметті қонақтар, қадірлі жеңгелер, бүгінгі басқосуда біраз дүниені ортаға салдық деп ойлаймын. Арасында фильмнен үзінді көріп, бейнероликтерді талқыладық, бесік жырын айттық. (Егер демеушілер табылып жатса, үйдегі кішкентай балаларға оқып беріңіздер деп, қатысушыларға қазақша ертегілер жинағын сыйлыққа беруге болады) Енді осы мәліметтерді негізге ала отырып, жеңгелерге қандай кеңес берер едік? Ой-пікірімізді ортаға салайықшы. (Тілек білдірген қатысушылардың бәрін сөйлету) Ал біз ұсынатын кеңестерді интерактивті тақтаға шығарып немесе мына QR-код арқылы ашып, ой елегінен өткізсек...



1. Жасы кішілердің  
махабатына бөлену үшін оларды бөліп жармай, бәрін бірдей жақсы көруіміз керек
2. Қайынсіңлінің жан сырымен бөлісетін сырласына айналу. Ондай кезде жеңге сырға берік болуы керек. Сыр сақтай білу - үлкен өнер.
3. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор болу. Сонда келінге, жеңгеге деген құрмет те арта түседі
4. Қайыніні-қайынсіңлі бойындағы қабілетті, дарынды жазбай танып, ақыл-кеңес айтып, болашағына жол сілтеп отыру
5. Орайы келгенде әзілдесіп жүру. Қайыніні-қайынсіңліңе қалжыңдасып жүруді үйрету. «Әзілің жарасса атаңмен ойна»
6. Қыз – Келін – Жеңге – Ана – Ене деген тіршілік тізбегін ұмытпай, әр кезеңдегі статусыңа лайық болу
7. Ұлттық құндылықтардың сақталуына назар аудару.

**Модератор:** Ал қазір бүгінгі отырыстан қандай ақпарат алдық, қандай пікірлермен келіспейміз, осыны ортаға салу үшін кері байланысқа кезек берейік. (Ауызша кері байланыс жүргізіледі)

**Модератор:**

Сендерсің – аңсап-талып ел дегенім,  
Елжіреп сағыныштан, сенделемін.  
Қазақтың ошағына құт қондырған,  
картаймай жүріңдерші, жеңгелерім! –

деп бүгінгі алқалы жиынды аяқтаймыз. Қош-сау болыңыздар!

**Соңы**

(Өлең жолдары Қадыр Мырза Әлі мен Фариза Оңғарсынованың шығармасынан, суреттер әлеуметтік желілерден алынды)

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстанның ата – аналары: пандемиядан кейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі рөлі» аналитикалық есебі: С.А. Ирсалиев, М. Б. Камзолдаев, Б.Б. Әбуов, А. А. Ахметжанова, Р. Сыздықбаева – Нұр-Сұлтан қ.: «Белес» талдау және стратегия орталығы» қоғамдық бірлестігі, 2022. – 251 б.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия /Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 720 бет.
3. Әлемдік философиялық мұра. Шығыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 480 бет.
4. Он ғасыр жырлайды. Алматы. – 2023. – 416 бет.
5. Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық. – Алматы. – АҮДҰИ. – 2023. – 232 бет